Осыған байланысты бұл әдістерді, негізінен, метрополитен тоннельдерінің құрылысы мен пайдаланылуының ықтимал әсер ету аймақтарын айқындау мақсатында жер беті деформацияларын алдын ала болжау кезеңінде, немесе мониторингтік бақылаулардың жеткілікті базасы бар, егжей-тегжейлі зерттелген қалалық құрылыс аумақтарында қолдану орынды.

Осы диссертациялық жұмыста метрополитен тоннельдерін пайдалануымен байланысты геодинамикалық үдерістер мен деформацияларды талдау кезінде жер бетінің жағдайын болжаудың аналитикалық әдістерін қолдану тәжірибесі [85, 86] еңбектерінде келтірілген материалдар негізінде ескеріледі. Сонымен қатар аталған әдістер жерасты құрылыстарын салу үдерістерін де, сондай-ақ оларды қоршаған топырақ массивінің механикалық мінез — құлқын да қарапайымдандырылған түрде сипаттайтыны атап өтіледі.

Топырақтың жекелеген ерекшеліктерін, соның ішінде анизотроптық деформациялық қасиеттерін ескеру арқылы аналитикалық модельдерді жетілдіруге бағытталған талпыныстарға қарамастан [87], қолданыстағы тәсілдер жеткілікті деңгейде нақтыланбаған болып қала береді және анықталған шектеулерді толық көлемде жоюға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты осы жұмыста аталған әдістер негізінен сандық модельдеу нәтижелерін салыстырмалы талдау және верификациялау үшін, сондай-ақ диссертациялық зерттеу шеңберінде ғылыми қорытындыларды жалпылау мақсатында қосалқы құрал ретінде қарастырылады.

Сандық модельдеудің дамуына топырақ массивінің деформациялану механизмдері туралы қазіргі заманғы ғылыми түсініктердің қалыптасуы ықпал етті, мұнда топырақтың беріктік және деформациялық сипаттамаларының анизотропиясын ескеру көзделеді [88, 89], сондай-ақ олардың кернеулі-деформацияланған күйін сипаттайтын жетілдірілген конститутивтік модельдердің әзірленуі жүзеге асырылды [90].

Мысалы, Санкт-Петербург қаласы жағдайында пилондық типтегі метрополитен бекеттік тоннельдерін салу кезінде бір кіру ұзындығы 0,75 м құрайды, бұл ретте әрбір кіру шегінде топырақ қазылып болғаннан кейін тоннель қаптамасы орнатылады. Үш бекеттік тоннельдің жалпы ұзындығы шамамен 450 м-ге тең. Демек, метрополитен бекеттері құрылысын егжей-тегжейлі сандық модельдеу үшін есептік міндетті кемінде 600 кезеңге бөлу қажет [91].

Алматы қаласы метрополитенін салу және пайдалану үдерістерін модельдеу міндеттеріне қатысты сандық модельдеу де тоннельдерді жүргізу мен бекеттік кешендерді тұрғызудың ерекшеліктерін ескеретін технологиялық үдерісті кезең-кезеңімен ұсынуды талап етеді. Есептік сұлбаны егжей-тегжейлілендіру жерасты құрылысының барлық сатыларында топырақ массиві мен конструктивтік элементтердің кернеулі-деформацияланған күйіндегі өзгерістерді дұрыс бейнелеуді қамтамасыз етуі тиіс [92].

ГАЗ-ды қолдана отырып жүргізілетін геодезиялық өлшеулердің дәлдік және технологиялық мүмкіндіктерінің дамуына байланысты қазіргі заманғы геодезиялық әдістерге негізделген қолданбалы міндеттердің ауқымы едәуір кеңейіде, бұл ретте геодезия кеңістіктік талдау, мониторинг және инженерлік шешімдер қабылдаудың негізгі құралына айналуда.

Пайдалану тәуекелдерін бағалау және оларды төмендету жөніндегі шаралар техногендік жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін білдіретін маңызды құрамдас бөлігі. Осыған байланысты қазіргі заманғы топографиялық-геодезиялық және аэроғарыштық технологияларды, лазерлік сканерлеуді және геомеханикалық зерттеулерді пайдалана отырып, техногендік тәуекелдерді басқаруға арналған мамандандырылған ГАЗ-ін құру [93, р 3], сондай-ақ белгілі әдістерді жетілдіру және жаңа әдістерді әзірлеу жерүсті және жерасты құрылыстарын пайдаланудың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістемесінің схемасы (Кесте 2) жерасты құрылыстарын жобалау және пайдалану кезеңдерінде қолданылатын геодезиялық және геоақпараттық зерттеу сатыларын модельдейді. Әдістеме Алматы метрополитенінің жекелеген аймақ мысалында әзірленген, мұнда техногендік жүктемелердің табиғи геодинамикалық үдерістермен өзара әрекеттесуі нәтижесінде деформациялық қауіптердің деңгейі артады.

Кесте 2 – Метро желісін пайдалану кезіндегі геодезиялық және геоақпараттық зерттеу әдістері

№	Кезең / әдіс	Кезеңнің қысқаша мазмұны
1	Геодинамика	Жер бетінің қазіргі заманғы қозғалыстарын анықтауға бағытталған геодезиялық өлшеулердің бастапқы кезеңі.

№	Кезең / әдіс	Кезеңнің қысқаша мазмұны
2	Жерүсті геодезиялық өлшеулері	Деформациялық құбылыстарды айқындау мақсатында жерүсті геодезиялық өлшеулерін жүргізу
3	ҰҰА пайдаланып аэрофототүсірілім	Кеңістіктік деректерді жинақтау мақсатында аэрофототүсірілім материалдарын алу
4	Тоннельді лазерлік сканерлеу	Тоннельдің геометриялық параметрлері туралы деректер алу мақсатында Faro Focus 3DX лазерлік сканерлеу жүйесін пайдалану
5	Геомеханика	Топырақтардың физика-механикалық қасиеттерін және тоннель конструкцияларының параметрлік сипаттамаларын талдау
6	Топырақтың қасиеттерін зерттеу	Топырақтардың физика-механикалық сипаттамаларын зерттеу
7	Кернеулі-деформацияланған күйді зерттеу	Тоннель конструкцияларының беріктігі мен тұтастығын бағалау
8	Деформацияның тереңдігі бойынша таралуы	Әртүрлі тереңдіктегі деформациялар шамасын талдау
9	Моделдеу	процесстерді талдау үшін есептеу модельдерін құру
10	Үш өлшемді беттік модельдеу	Жер бетінің 3D-модельдерін құру
11	Кернеулі деформацияланған күйді модельдеу	Кернеулер мен деформацияларды сандық модельдеу
12	Үш өлшемді тоннельді модельдеу	Тоннель құрылысының кеңістіктік 3D-моделін құру


3.2 Геодезиялық әдістерді қолдану арқылы жер беті мен жерасты деформацияларын зерттеу

Геодезиялық әдістер геодинамикалық үдерістерді зерттеудің негізгі әрі аса жоғары дәлдікті құралдарының бірі және қазіргі заманғы ғылыми әрі инженерлік ізденістерде кеңінен қолданылады. Оларды пайдалану жерасты тоннельдерінде орналастырылған барлық деформациялық маркалардың кеңістіктік орнын бір мезгілде өлшеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде кез келген бақыланатын пункттер арасындағы өзара ығысуларды сандық тұрғыдан бағалауға жағдай жасайды.

Сонымен қатар жекелеген элементтердің абсолюттік ығысуларын координаталары алдын ала анықталған және тұрақты тірек пункттерге қатысты белгілеуге болады, бұл алынған нәтижелердің сенімділігін арттырады. Қазіргі заманғы геодезиялық өлшеу технологияларын деректерді математикалық өңдеудің арнайы әдістерімен және ГАЗ-талдаумен біріктіру деформациялық маркалардың ғана емес, сонымен қатар тірек геодезиялық желінің негізгі элементтерінің де деформацияларын үздіксіз бақылауға және анықтауға мүмкіндік береді. Бұл метро құрылыстарының пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету және геодинамикалық жағдайды бағалау үшін қағидалық маңызға ие [93, p 15].


Ұсынылып отырған әдістемеде ұшқышсыз ұшу аппараттары (ҰҰА) жер бедерін бақылау кезеңдерінде метрополитен трассалары аймақтарын жедел

бақылаудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Алынатын аэрофототүсірілімдер аумақтың дамуындағы ықтимал процесстерді, атап айтқанда құрылыс салу, өзгерістер, трансформация және динамикасын анықтауда жоғары ақпараттылыққа ие, бұл басқарушылық шешімдерді уақтылы қабылдауды және зерттелетін нысанның ағымдағы жай-күйін кешенді бағалауды қамтамасыз етеді (Сурет 6).




Сурет 6 – Деформациялық маркаларды орнату

Ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА) қолдана отырып түсірілім жұмыстарын орындау басталғанға дейін зерттеу аумағында геодезиялық тірек маркалар орнатылды, олардың координаталары GNSS спутниктік технологияларын пайдалану арқылы анықталды және топографиялық жоспар жасалды (Сурет 7).



Сурет 7 – Зерттеліп отырған аймақтың топографиялық планы



Сурет 8 – AutoCAD Civil 3D бағдарламалық кешенінде орындалған Метрополитен трассасының беткі жоспары және биіктік белгілері

3.3 ҰҰА түсірілімдері негізінде метрополитен учаскесінің базалық топографиялық карталарын алу әдісі

Геодезия, картография салаларындағы ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы дамуы және оларды сабақтас ғылым салаларымен интеграциялау кеңістіктік ақпаратты алу, өңдеу және сақтау қағидаттарының жаңа негіздерін қалыптастырды. Барлық ГАЖ күрделі құрылымдалған ГАЖ және сандық

геодезиялық ақпаратты өңдеудің және кешенді талдаудың ақпараттық технологияларына негізделеді [94].

Қазіргі уақытта ҰҰА орындалатын аэрофототүсірілім деректерін пайдалануға негізделген ақпараттық жүйелер геодезия, картография және кеңістіктік талдау салаларындағы қолданбалы міндеттердің кең ауқымын шешудің маңызды құралына айналды. Алынған аэрофотосуреттер аумақтың өзекті әрі егжей-тегжейлі көрінісін қамтамасыз ететін топографиялық, навигациялық және ситуациялық карталарды құрудың негізі [95].

Аэрофототүсірілім деректерін пайдалануға негізделген кешенді технологиялық шешімдерге сүйенетін жобаларды тәжірибелік іске асырудың тиімді бағыттарының бірі – жер бедерінің үшөлшемді модельдерін құрастыру. Жер бедерінің 3D-модельдері ортофотожоспарлар негізінде қалыптастырылатын, биіктік айырмашылықтары айқын және аумағы едәуір кең территорияларды қамтитын графикалық және фотографиялық ақпаратты біріктіретін интеграцияланған кеңістіктік модельдер болып саналады [96].

Дәстүрлі картографиялық материалдармен салыстырғанда, жер бедерінің 3D-модельдері көрнекілігі мен объективтілігі жағынан анағұрлым жоғары, жергілікті жерде тиімді бағдарлануды қамтамасыз етеді, сондай-ақ жер бедері мен жер бетінің маусымдық ерекшеліктерін бейнелеуге мүмкіндік береді. Осы артықшылықтарының арқасында үшөлшемді модельдер кеңістіктік жағдайды талдау, инженерлік жұмыстарды жоспарлау және табиғи әрі техногендік ортаның өзгерістерін бақылау барысында кеңінен қолданыс табады [97].

Біздің зерттеулеріміз аэрофототүсірілім деректері мен ГАЗ-ды кешенді пайдалану негізінде жер бедерінің үшөлшемді моделін құру технологиясын әзірлеуге бағытталған. Зерттеудің практикалық бөлігін орындау барысында аэрофотографиялық бейнелерді сандық өңдеу әдістері, сандық фотограмметрия тәсілдері, сондай-ақ үшөлшемді компьютерлік графика құралдары қолданылды.

Фотограмметриялық 3D-модельдерді қалыптастырудың әдістемелері мен технологиялық сұлбаларын алу DJI Mavic 3M ҰҰА орындалған түсірілім нәтижесінде алынған сандық аэрофотосуреттерді пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Алынған мәліметтер зерттелетін аумақтың жоғары дәрежеде егжей-тегжейлі кеңістіктік модельдерін құруға және олардың тәжірибелік қолданылуын бағалауға мүмкіндік берді.

Аумақты бақылау кезеңінде ҰҰА метрополитен трассасының жай-күйіне жедел бақылау жүргізудің тиімді құралы болып табылады. Аэрофототүсірілімдер аумақтың кеңістіктік өзгерістері, соның ішінде құрылыс салу процестері, жер бедерінің трансформациясы және өзгерістер динамикасы туралы өзекті ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Бұл басқарушылық шешімдерді дер кезінде қабылдауға және зерттелетін нысанның жай-күйіне кешенді талдау жүргізуге алғышарттар жасайды.

Ұшқышсыз ұшу аппараттарынан аэрофототүсірілім нәтижелері бойынша алынатын ақпараттың сапасы көбінесе оны өңдеу үшін қолданылатын бағдарламалық жасақтаманы таңдауға байланысты. Agisoft Metashape, Erdas Imagine Photogrammetry және DJI TERRA сияқты ҰҰА деректерін өңдеуге арналған заманауи бағдарламалық кешендер жиынтығы пайдаланылады [98].

Бұл алгоритмдердің айрықша ерекшелігі - кескіндер өлшемдері әдетте 4000×3000 пиксельден аспайтын «жылжымалы терезе» шегінде тікелей өңдеу. Мұндай тәсіл кедергілер сипаттамасы немесе пайдалы сигнал сипаттамалары туралы қосымша ақпаратты тарту қажеттілігінсіз деректерді өңдеудің салыстырмалы түрде жоғары жылдамдығын қамтамасыз етеді.

Бейнелердің көрнекі қабылдануын арттыру үшін пиксельдердің жарықтық мәндерін түзету (коррекциялау) қажет, бұл мүмкіндігінше жарықтық мәндерінің қолжетімді динамикалық ауқымы бойынша біркелкі таралуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Мұндай жағдайларда қорытынды кескін жоғары контрастылықпен сипатталады. Алайда бастапқы кескіндерде бұл шарт, әдетте, сигнал қарқындылығының шектелген динамикалық ауқымы салдарынан орындалмайды, бұл өз кезегінде деректерді беру арнасының өткізу қабілетіне байланысты болады.

Осы зерттеуде мультиспектралды DJI Mavic 3M ҰҰА қолданылды, ол заманауи үшөлшемді модельдеу жүйелерімен кешенді түрде бақылау барлық кезеңдерінде қолданылады (Сурет 9).



Сурет 9 – DJI Mavic 3M ҰҰА

ҰҰА-дан алынатын кескіндерге қойылатын жоғарыда аталған талаптарды ескере отырып, зерттеу аясында деректерді өңдеу үшін DJI TERRA бағдарламалық жасақтамасы таңдалды. Аталған бағдарламалық кешеннің негізгі артықшылықтарына фотограмметриялық өңдеу нәтижесінде алынған ортофотопландардың 1:2000 және одан ұсақ масштабтағы топографиялық карталарды жаңартуға жарамдылығы, сондай-ақ аэрофототүсірілімдердің бағдарланған жұптары бойынша қалыптастырылған жер бедерінің сандық модельдерін топографиялық пландардағы жер бедері ақпаратын өзектендіру үшін тиімді пайдалану мүмкіндігі жатады.

Тәжірибелік жағдайларда DJI TERRA бағдарламалық кешені кез келген GPS құрылғысы қосылатын портативті компьютерге орнату арқылы қолданылады. Стандартты пакетке кіретін GPS-Link құралы бағдарламалық

жасақтаманың GPS қабылдағышпен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді, бұл координаталық ақпаратты фотограмметриялық деректерді өңдеу процесіне интеграциялауға мүмкіндік береді.

Үшөлшемді модельдерді қолдану салаларының кеңеюіндегі маңызды кезең өлшенетін 3D-модельдерді, әрі қарай фотограмметриялық модельдер деп аталатын модельдерді құрумен байланысты болды. Мұндай модельдер кеңістіктік ақпаратты берілген координаталар жүйесінде ұсынуға және жекелеген нүктелердің координаталарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қарқынды дамып келе жатқан ғылыми бағыт - үшөлшемді (3D ГАЖ) қазіргі уақытта кеңістіктік ақпаратты басқару мен техногендік тәуекелдерді бағалауда түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл ретте жер бедерінің шынайы фотограмметриялық 3D-модельдерін құру осындай 3D ГАЖ жүйелерін қалыптастыру мен олардың тиімді жұмыс істеуінің негізгі алғышарты (сурет 10).



Сурет 10 - Нүктелердің кластерлік модельдерін қалыптастыру процесі


DJI TERRA бағдарламалық кешені өзінің құралдар жиынтығында кең таралған камераларды (кадрлық және панорамалық) сипаттайтын кірістірілген камера модельдерін, сондай-ақ панорамалық камераларды сипаттауға мүмкіндік беретін жалпыланған модельдерді (Сурет 11) қамтиды.

Түсірілімдерді кейінгі өңдеу кезеңдері, атап айтқанда векторлау, атрибутивтік ақпаратты байланыстыру, деректерді талдау, жобаларды рәсімдеу және деректерді шығару ESRI компаниясының бағдарламалық пакеттерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.


бағдарламасынан экспорттау арқылы алынған DEM файлдарын (Суреттер 12,13 және 14) пайдалануға мүмкіндік береді.



Сурет 12 – Сарыарқа және Б. Момышұлы бекеттерінің ортофотопланы




Сурет 13 – Сарыарқа және Б. Момышұлы бекеттерінің биіктік сандық моделі



Сурет 14 – Сарыарқа бекетінің сандық рельеф моделі


Әдетте алынған деректер жиынтығын оларды кейіннен қолдану үшін (цифрлау мақсатында) топография, картография, геодезия, жерге орналастыру, аумақтық және қала құрылыстық жоспарлау салаларында пайдалануға жеткілікті. Бұл ҰҰА қолдана отырып аэрофототүсірілім жүргізудің негізгі мақсатын айқындайды.

Сонымен қатар бірқатар мамандандырылған міндеттерде бастапқы және туынды деректерді баламалы экспорт форматтарында ұсыну қажеттілігі туындауы мүмкін. Мәселен, үшөлшемді сканерлеу және кеңістіктік өңдеу бағдарламалық кешендерінде кейіннен пайдалану үшін нүктелер бұлтын экспорттау талап етіледі. Қазіргі заманғы фотограмметриялық жүйелер *.ply, *.las, *.laz, *.dxf және басқа да кеңінен қолданылатын форматтарды қолдауды қамтамасыз етеді (Сурет 15). Бұл алынған деректерді геокеңістіктік талдау мен модельдеудің әртүрлі кезеңдеріне интеграциялау мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.



Сурет 15 – Зерттеу нысанының нүктелер бұлты

Сандық үшөлшемді модельді тікелей экспорттау 3D-деректерді ұсынудың әртүрлі форматтарын қолдануды көздейді, олардың қатарына *.obj, *.3ds, *.fbx, *.kmz және басқа да кеңінен таралған стандарттар жатады (сурет 16). Полигондық модель кейінгі үшөлшемді модельдеу міндеттерінде қолданылатын негізгі құрылымдық элемент. Экспорттау үдерісінде үшөлшемді модельдің дұрыс визуализациясын және ақпараттық мазмұнын қамтамасыз ететін текстуралық деректердің сақталуы айрықша маңызды мәнге ие.



Сурет 16 – Нысанның үш өлшемді моделі

DJI TERRA бағдарламалық кешенінде материалдарды өңдеуді бастау үшін қажетті бастапқы деректерге төмендегі құрамдас бөліктер жатады: – түсірілім үдерісінде алынған аэрофотосуреттер, әдетте JPG графикалық форматында ұсынылады; – суретке түсіру орталықтары туралы ақпарат, ол бейнелерді алдын ала геотіркеу (геобайлау) және бағдарлау үшін қолданылады.

Фототүсірілім орталықтары туралы деректерді ұсыну форматтары әртүрлі болуы мүмкін. Ең кең таралған түрі — CSV немесе TXT форматындағы кестелік пішін (Кесте 3), онда файл атауы, географиялық координаталар (ендік пен бойлық), түсірілім биіктігі, сондай-ақ бар болған жағдайда ҰҰА борттық ұшу контроллері тіркейтін камераның бағдарлау параметрлері жөніндегі мәліметтер қамтылады. Баламалы нұсқа ретінде заманауи ҰҰА басқару жүйелерімен, соның ішінде PX4D тобына жататын контроллерлермен қалыптастырылатын ұшу деректерінің лог-файлдарын пайдалану қарастырылады, бұл импорттау үдерісін автоматтандыруға және бастапқы ақпараттың дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кесте 3 - Фотосурет орталықтарын байланыстыруға арналған мәтіндік формат деректерінің мысалы

№	X координаталары	Y координаталары	Z координаталары
N1	4787314,172	650876,146	806,6577
N2	4787102,111	650674,995	810,6513
N3	4786984,851	650449,194	811,9675
N4	4786790,169	650201,347	813,9708
N5	4786621,601	649643,839	812,0494
N6	4786458,713	649256,135	811,0845

Түсірілім аймағының бетінде орналастырылған жерүсті тірек белгілерінің (опорлық нүктелердің) орталықтары туралы мәліметтер де фотограмметриялық өңдеу барысында пайдаланылатын бастапқы деректер құрамына жатады.

Айрықша ерекшелігі - фотосурет атауының орнына тірек белгінің идентификаторы (оның нөмірі немесе шартты белгіленуі) қолданылады, бұл координаталық деректер мен тиісті жерүсті бақылау нүктелері арасындағы бірмәнді байланысты қамтамасыз етеді.

3.4 Метрополитеннің жерасты тоннельдерінің геометриясы мен биіктік деформацияларын жерасты полигонометриясы және нивелирлеу әдістері негізінде бақылау және талдау


Алматы метрополитенінің тоннельдік құрылыстарының жалпы ұзындығы 3 201 м болатын учаскесінде 2023 жылғы сәуір–мамыр айларында орындалған жерасты геодезиялық түсірісі жерасты конструкцияларының кернеулі-деформациялық күйін талдау мен модельдеу үшін қажетті бастапқы геометриялық параметрлерді алуға бағытталды. Түсірістің негізгі мақсаты «тоннель - қаптама - оны қоршаған жыныс массиві» жүйесіндегі кернеулердің қайта бөлінуін сипаттайтын кеңістіктік ығысулар мен деформацияларды анықтау болды.

Далалық жұмыстар барысында тоннель конструкцияларында және инженерлік-геологиялық жағдайлардың өзгеруімен сипатталатын аймақтарда бекітілген 34 тұрақты геодезиялық реперден тұратын жерасты пландық-биіктік геодезиялық торы құрылды. Аталған реперлер өлшеулердің кеңістіктік байлануын қамтамасыз етіп, деформациялық үдерістерді уақыт бойынша талдау мақсатында қайталама бақылаулар жүргізуге мүмкіндік берді.

Бұрыштық және арақашықтықты өлшеулер жоғары дәлдікті Leica TS06 Plus тахеометрін қолдана отырып қайталау әдісімен орындалды, бұл полигонометриялық жүрістердің бағыттарын сенімді анықтауды және жүйелік қателіктерді барынша азайтуды қамтамасыз етті.

Барлық геодезиялық белгілердің координаталарын анықтау үшін бұрыштық және сызықтық өлшеулер әртүрлі уақытта және бір-бірінен тәуелсіз түрде екі рет орындалды. Нәтижелерді салыстыру мақсатында биіктік белгілерін нивелирлеу арқылы түсіру жұмыстары 2023 жылғы ақпан және наурыз айларында жүргізілді. Жерасты полигонометриясы тоннельдік құрылыстардың барлық элементтерін олардың нақты жобалық өлшемдерінде дәл көшірудің негізі болады.

Негізгі тірек пункттерінің сұлбасы үшбұрыштардың үздіксіз тізбегін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бұл ретте жерасты полигонометриялық пункттері бір мезгілде жерасты биіктік реперлері қызметін атқарады. Полигонометриялық өсімшелердің салыстырмалы қиылыспаушылығы 1:30 000-нан аспайды, ал бұрыштық қиылыспаушылық рұқсат етілген шамасы $f = 6\sqrt{n}$ шартына сәйкес келеді (Сурет 17).



Сурет 17 - Пункттердің координаттары бар метрополитен туннелінің жерасты полигонометриялық желісінің сызбасы

Суретте CREDO бағдарламалық кешенінде құрылған метрополитен тоннельдік құрылыстарының кеңістіктік орнын геодезиялық қамтамасыз ету мен талдау үшін пайдаланылатын жерасты полигонометриялық тордың сұлбасы көрсетілген. Сұлба тоннель трассасы бойымен жүргізілген полигонометриялық жүрістің конфигурациясын, сондай-ақ тордың тірек және жұмыс пункттерін бейнелейді.

Интерфейстің сол жақ бөлігінде өлшеулерді математикалық өңдеу нәтижесінде алынған бастапқы, жұмыс және теңестірілген мәндерді қамтитын полигонометриялық пункттердің координаталары мен сипаттамаларының кестесі келтірілген. Орталық бөлігінде геодезиялық негіздің үздіксіздігін қамтамасыз ететін өлшеу бағыттары мен пункттердің бірізді тізбегі түріндегі полигонометриялық жүрістің графикалық бейнесі көрсетілген.

Полигонометриялық пункттер қосарланған функция атқарады: олар жерасты кеңістігіне координаталық негізді беру үшін жоспарлық тірек нүктелері ретінде де, сондай-ақ тоннельдік құрылыстардың тік деформацияларын бақылауға арналған биіктік реперлері ретінде де пайдаланылады. Торды теңестіру дәлдікке қойылатын нормативтік талаптарды сақтай отырып орындалған: сызықтық өсімшелердің салыстырмалы қиылыспаушылығы рұқсат етілген мәндерден аспайды, ал бұрыштық қиылыспаушылық белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

CREDO бағдарламалық кешенінде қалыптастырылған жерасты полигонометриялық сұлба Алматы метрополитенінің тоннельдік құрылыстарының кеңістіктік ығысуларын кейінгі талдау, деформацияларды бағалау және олардың кернеулі-деформациялық күйінің өзгерістерін интерпретациялау үшін негіз болады.


Жалпы алғанда, тірек геодезиялық тор метрополитен құрылысының геодезиялық қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптарға сәйкес келетін дәлдікпен салынған. Жерасты полигонометриясын бағдарлау кезіндегі ауытқулар 2"-тан аспайды, бұл бағдарлау жүйелерді қолдана отырып қазу жұмыстарын орындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Геодезиялық жұмыстардың бүкіл кешені қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес, технологиялық бұзушылықтарсыз орындалған, ал тірек инженерлік-геодезиялық полигонометриялық тор жоспар бойынша да, биіктік бойынша да ± 2 мм дәлдікті қамтамасыз етті [99].

Геодезиялық өлшеулер нәтижелерін өңдеу және визуализациялау жүзеге асырылған Autodesk Civil 3D бағдарламалық кешенінің жұмыс ортасының бір бөлігі 4.3-суретте көрсетілген. Аталған файл метрополитен тоннельдік құрылыстарының зерттелетін учаскесінің кеңістіктік орналасуын және геометриялық параметрлерін талдау үшін пайдаланылатын өлшенген нүктелердің сандық моделін қамтиды.

Графикалық аймақта геодезиялық өлшеулер нәтижесінде алынған координаталық байланыстырылған бақылау нүктелері, сондай-ақ тоннель трассасын және оның конструктивтік шекараларын сипаттайтын сызықтық элементтер бейнеленген. Нүктелер шартты белгілер түрінде көрсетіліп, өлшеу серияларына тиесілігі бойынша топтастырылған, бұл көрнекілікті және кейінгі талдаудың қолайлылығын қамтамасыз етеді.

Интерфейстің сол жақ бөлігінде нүктелер жиынтықтарын, беттерді, сипаттамалық сызықтарды және трассаларды қамтитын жоба құрылымы көрсетілген, бұл бастапқы деректерді жүйелеуге және оларды әрі қарай өңдеуге мүмкіндік береді. Autodesk Civil 3D бағдарламалық кешенін пайдалану геодезиялық деректерді сандық модельдермен интеграциялауға, бойлық және көлденең профильдер тұрғызуға, сондай-ақ деформациялардың кеңістіктік талдауын орындауға жағдай жасайды.


Аталған файл тоннельдің үшөлшемді модельдерін кейінгі тұрғызу, жобалық қалыптан ауытқуларды талдау және деформациялық көріністерді бағалау үшін бастапқы база ретінде қолданылады. Бұл метрополитеннің жерасты құрылыстарының кернеулі-деформациялық күйін зерттеудің маңызды кезеңі (Сурет 18).



Сурет 18 – «Сарыарқа» - «Бауыржан Момышұлы» бағытында AutoDesk Civil бағдарламалық кешенінде тоннель учаскесінің геодезиялық өлшеулерінің нәтижелерін визуализациялау

ГАЗ-ды қолдану жағдайында метрополитен құрылысын инженерлік-геодезиялық қамтамасыз етудің қазіргі заманғы ерекшелігі кеңістіктік модельдеу әдістерінің кеңінен енгізілуімен сипатталады. Геодезиялық жұмыстар геоақпараттық модельдер мен технологияларға негізделген кешенді тәсіл аясында орындалады. Бұл геодезиялық өлшеулер нәтижелерін бірыңғай геокеңістіктік ақпараттық ортаға интеграциялауды қамтамасыз етеді. Аталған тәсіл геоақпараттық талдау және визуализация құралдарын қолдану арқылы дәстүрлі геодезиялық әдістердің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте жинақталған практикалық тәжірибені ескере отырып, жүйелі түрде қолданылатын, алдын ала пысықталған және апробацияланған технологиялар пайдаланылады. Аталған тәсілдің тиімділігі 18 және 19-суреттерде айқын көрініс табады. Онда AutoCAD бағдарламалық кешенінде геодезиялық және геоақпараттық деректер негізінде қалыптастырылған қосжолқты тоннельдің моделі ұсынылған.




Сурет 19 – Сызық осі бойымен салынған метрополитеннің тоннельдік құрылымдарының кеңістіктік моделі

Суретте геодезиялық және жобалық деректер негізінде Autodesk Civil 3D бағдарламалық ортасында қалыптастырылған метрополитеннің қосжолқты тоннель учаскесінің кеңістіктік моделі көрсетілген. Модель трассаның қисықсызқты бөлігін ескере отырып тоннель осьтерінің геометриясын бейнелейді және параллель орналасқан тоннель қазбаларының өзара кеңістіктік орнын визуализациялауға мүмкіндік береді.

Жұмыс аймағында жергілікті координаталар жүйесінде бағдарланған тоннель трассасының үшөлшемді бейнесі ұсынылған. Бұл жоспарлық орнын, қисықтық радиустарын, сондай-ақ түзу және қисықсызқты элементтердің түйісуін талдауға жағдай жасайды.

Геодинамикалық үдерістерді зерттеу үшін жерасты тоннельдерінде орналастырылған барлық деформациялық маркаларды бір мезгілде бақылауға және кез келген екі бақыланатын пункт арасындағы өзара ығысуларды анықтауға мүмкіндік беретін заманауи өлшеу әдістері қолданылды. Бұл ретте биіктік белгілерін анықтауды және тоннельдік құрылыстардың шөгуі мен көтерілуін қоса алғанда, тік ығысуларды мониторингтеуді қамтамасыз ететін жоғары дәлдікті геометриялық нивелирлеу шешуші рөл атқарады.

Координаталары белгілі және орнықты тірек пункттерге қатысты жеке деформациялық маркалардың абсолюттік тік және көлденең ығысуларын айқындау мүмкіндігі туындайды (Сурет 20). Дәл өлшеу технологияларын деректерді математикалық өңдеудің арнайы әдістерімен ұштастыра қолдану деформациялық маркалардың ғана емес, сонымен қатар бақылау торының негізгі тірек пункттерінің де ығысуын бақылауға және тіркеуге мүмкіндік береді, бұл метрополитеннің жерасты құрылыстарындағы геодинамикалық үдерістерді бағалаудың сенімділігін арттырады [100].



Сурет 20 – Бақылау үшін пайдаланылған геодезиялық маркалардың координаттары мен деформациялық көрсеткіштерінің графиктері

Сызбада тоннельдің төбе бетінің бойлық осі бойымен биіктік белгілерін өлшеу нәтижелері көрсетілген. Абсцисса осі бойынша тоннель бойымен өлшенген қашықтық (м), ордината осі бойынша биіктік белгілерінің мәндері (м) берілген. График зерттелетін учаскенің бүкіл ұзындығы бойынша тоннель құрылысының биіктік параметрлерінің таралуын сипаттайды.

2022 және 2025 жылдары орындалған екі бақылау нәтижесінің деректері келтірілген. Бұл биіктік белгілерінің уақыт бойынша өзгерісін салыстырмалы талдауға мүмкіндік береді. Қисық сызықтар пішіндерінің сәйкес келуі тоннельдің бойлық профилінің жалпы геометриясының сақталғанын көрсетеді, ал қисықтар арасындағы жергілікті айырмашылықтар жекелеген учаскелердегі шамалы тік ығысулардың бар екенін аңғартады.

Анықталған ауытқулар жергілікті сипатқа ие және «тоннель - оны қоршаған топырақ массиві» жүйесіндегі кернеулердің қайта бөлінуімен, сондай-ақ пайдалану және геодинамикалық факторлардың әсерімен байланысты болуы мүмкін. Ұсынылған нәтижелер тоннельдік құрылыстардың тік деформацияларын бағалау үшін негіз және олардың кернеулі-деформациялық күйін талдау кезінде қолданылады.

Тік деформация құрамаларын бағалау және тоннель қаптамасының кернеулі күйінің өзгеру белгілерін анықтау мақсатында 464 бақылау нүктесінде биіктік айырмалары анықталды. Алынған биіктік деректері шөгулерді, көтерілу құбылыстарын және біркелкі емес деформацияларды талдау үшін пайдаланылды, бұлар жерасты құрылыстарының кернеулі-деформациялық күйінің өзгеру индикаторлары.

Жерасты геодезиялық түсірісінің нәтижелері тоннельдік құрылыстардың кернеулі-деформациялық күйін (КДК) кейінгі сандық модельдеу үшін бастапқы ақпараттық база ретінде, сондай-ақ есептік және нақты деформацияларды

салыстыру үшін қолданылды. Геодезиялық деректерді лазерлік сканерлеу және геоакпараттық талдау нәтижелерімен интеграциялау пайдалану жағдайында тоннельдердің геомеханикалық мінез — құлқын бағалаудың сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Аспаптық түсіріс нәтижесінде алынған биіктік белгілерінің деректері А қосымшасында келтірілген. Аталған қосымшада тік деформацияларды талдау үшін пайдаланылған бақылау пункттерінің биіктік белгілерінің бастапқы және өңделген өлшеу нәтижелері ұсынылған. Деректер кестелік түрде жүйелендіріліп, зерттелетін учаске бойымен биіктік параметрлерінің таралуын бағалау және метрополитеннің жерасты құрылыстарын пайдалану барысында мүмкін болатын шөгудер мен көтерілу құбылыстарын анықтау үшін негіз қызметін атқарады.

3.5 Жерасты қазбаларының әсерінен болатын құрылыстардың кеңістіктік деформацияларын лазерлік сканерлеу әдістерімен бақылау

Жерасты қазбалары мен тау жыныстары массивінің табиғи кернеулі-деформацияланған күйінің бұзылуы нәтижесінде қалыптасатын деформациялық үдерістер жерасты қазбалары аймағынан едәуір қашықтықтарға таралып, үлкен аумақтарды қамтуы мүмкін. Жерасты құрылыстары мен метрополитен тоннельдерін салу және пайдалану әсерінің теріс ықпалына ұшыраған ғимараттар мен инженерлік құрылыстар әртүрлі қауіптілік дәрежесіндегі зақымдануларға душар болады - шамалы геометриялық ауытқулардан бастап олардың пайдалану сенімділігі мен қауіпсіздігіне әсер ететін деформацияларға дейін.

Жерасты көлік инфрақұрылымының қазіргі даму ауқымдары, метрополитен желілерінің ұзындығының ұлғаюы, құрылыс жүргізілетін инженерлік-геологиялық жағдайлардың күрделенуі, сондай-ақ қалалық құрылыстың тығыздығының артуы жер бетінде орналасқан нысандарға жер беті деформациялық үдерістерінің әсерін едәуір күшейтті. Алматы сияқты ірі қалалар жағдайында бұл мәселе ерекше өзектілікке ие, себебі жерасты құрылыстарының ықпал ету аймағында тұтас қалалық аудандар мен аса маңызды инфрақұрылым нысандары орналасуы мүмкін.

Жерасты қазбалары жүргізілетін және жерасты құрылыстары салынатын аймақтарда ғимараттар мен құрылыстардың деформацияларын бақылау, болжау мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде кеңінен қарастырылып келеді [101,102]. Алынған нәтижелер қауіпті геодинамикалық үдерістерді уақтылы анықтауды және метрополитеннің жерасты құрылыстарын пайдалану қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз ететін кешенді геодезиялық және аэроғарыштық бақылау әдістерін енгізу қажеттігін растайды.

Метрополитеннің әсер ету аймағындағы жерасты және жерүсті құрылыстарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында оларды қорғауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру қажет. Оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі конструкциялардың техникалық жай-күйі мен оларға іргелес жатқан топырақ массивінің жағдайын аспаптық бақылау маңызды [103, р 217]. Қазіргі уақытта жер бетінің деформациялық үдерістерін және жерасты әсеріне ұшыраған құрылыстарды бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

бірқатар нормативтік және әдістемелік құжаттармен реттеледі, олардың тізбесі 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4 - Жер бетінің және құрылыстардың деформацияларын бақылауды регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары (2020-2025 жылдары өзекті)

№	Құжат атауы	Жыл	Қолдану аймағы	Ескерту
1	ҚР СТ 3.02 - 2020 "Жер бетінің деформациясын бақылау әдістемесі"	2020	Жер бетінің шөгінділерін , ығысуын және деформацияларын бақылау	ҚР базалық ұлттық стандарты
2	ҚР ҚНЖЕ 1.03-01-2013 «Құрылыстағы геодезиялық жұмыстар» (өзгертулер, қолданыстағы 2020–2025 жж.)	2013	Ғимараттар мен құрылыстарды геодезиялық бақылау	Құрылыс салу және қолдану кезінде
3	"Ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздік талаптары" ҚР техникалық регламенті	2020–2025	Құрылыстардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығы, жай-күйін бақылау	Қолдануға міндетті
4	"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" ҚР Заңы	2020	Құрылыстардың жай-күйін техникалық қадағалау, бақылау	Бақылаудың заңнамалық негізі
5	ҚР СТ ISO 17123-5 " Геодезиялық аспаптарды сынаудың далалық әдістері. Спутниктік бағдарлау жүйелер"	2021	GNSS бақылаулары, дәлдік талаптары	ISO ұлттық бейімделуі
6	ГОСТ 31937-2011 " Ғимараттар мен құрылыстар. Техникалық жай-күйді тексеру және бақылау қағидалары"	қолданыста	Деформациялар мен техникалық жағдайды бақылау	ҚР-да қолдануға рұқсат етіледі
7	ГОСТ 24846-2012" Деформациялар негізін өлшеу әдістері"	қолданыста	Шөгудер мен іргетастардың жылжуын бақылау	ҚР СТ болмаған кезде пайдаланылады

Деформациялық үдерістердің бүкіл даму кезеңі бойында реперлік желінің сақталуын қамтамасыз ету маңызды практикалық мәселелердің бірі, әсіресе жерасты құрылысы мен метрополитен тоннельдерін пайдалану үшін тән ұзақ мерзімді және қайталанбалы техногендік әсер жағдайында. Қалалық тығыз құрылыс, көлік жүктемесінің жоғары қарқындылығы және инфрақұрылым нысандарын қайта жаңғырту жағдайларында реперлердің сақталуы мен олардың кеңістіктік орнықтылығы көбінесе күрделі мәселе.

Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес (кесте 4), құрылыстардың деформацияларын бақылаудың дәстүрлі құрамына қабырға реперлерінің биіктік белгілерін геометриялық нивелирлеу әдісімен анықтау, сондай-ақ көлденең ығысуын бағалау мақсатында реперлер арасындағы

сызықтық өлшеулерді орындау кіреді. Аталған өлшеулердің нәтижелері бойынша құрылыстардың деформация параметрлері есептеліп, олар әртүрлі типтегі ғимараттар мен инженерлік құрылыстар үшін белгіленген рұқсат етілген шекті мәндермен салыстырылады.

Деформациялардың рұқсат етілген шамалары, әдетте, жекелеген өңірлер мен пайдалану жағдайлары үшін әзірленген құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі мамандандырылған ережелермен және әдістемелік нұсқаулармен регламенттелетінін атап өткен жөн. Қазақстан Республикасы жағдайында бұл нормативтік мәндер ұлттық құрылыс нормаларын, техникалық регламенттерді және инженерлік-геологиялық ізденістердің нәтижелерін ескере отырып қолданылады. Бұл ретте, урбанизацияланған ортадағы жерасты көлік құрылыстарының ұзақ мерзімді бақылануына бағытталған біріздендірілген құжаттардың болмауы дәстүрлі геодезиялық өлшеулерді қашықтан зондтау мен лазерлік сканерлеудің жоғары өнімді технологияларымен ұштастыруға негізделген заманауи кешенді бақылау әдістемелерін әзірлеу мен енгізу қажеттілігін тудырады.

Алматы метрополитенінің нысанын лазерлік сканерлеу бірнеше сканерлік нүктелерден жүргізілді. Олардың кеңістіктік орны жергілікті геодинамикалық бақылау желісіндегі геодезиялық реперлерге электрондық тахеометр арқылы байланыстырылды. Аталған реперлер жерасты құрылыстарының ықтимал деформациялық әсер аймағында орналасқандықтан, олардың координаттары әрбір бақылау сериясында спутниктік геодезиялық әдістерді қолдану арқылы нақтыланған.

Лазерлік сканерлеу деректерін кейінгі камеральдық өңдеу әртүрлі бақылау нүктелерінен алынған сканерді біріктіру, шуды және артық нүктелерді сүзгіден өткізу, сондай-ақ бақыланатын құрылыстың кеңістіктік моделін құру жұмыстарын қамтыды. Жеке сканерді біріктіру арнайы сфералық бағдарды қолдану арқылы жүргізілді; олар нүктелер бұлттарының қабаттасу аймақтарына орналастырылды. Сенімді үйлестіру үшін әрбір скан жұбына кемінде үш бағдарлық сфера пайдаланылды.

Сфералық бағдар бойынша орташа үйлестіру қатесі шамамен 8 мм болды. Лазерлік сканердің аспаптық қателігі мен жеке сканердің өзара бағдар қателіктерін ескере отырып, нүктелер бұлтының кеңістіктік орны анықталған кездегі жалпы қате орташа есеппен шамамен 15 мм құрады. Өңдеу нәтижесінде зерттелген метрополитен құрылысының нақты геометриялық күйін көрсететін және кеңістіктік деформациялар мен ығысуларының кейінгі талдауына жарамды жоғары дәлдікті біріккен нүктелер бұлты қалыптастырылды.

Метроның құрылымдық элементтерінің геометриясын модельдеу ең кіші квадраттар әдісіне негізделген автоматтандырылған режимде мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдаланып, сыртқы қабырға беттерін тік жазықтықтармен жуықтау арқылы жүзеге асырылды. Кіріс деректері ретінде жерасты лазерлік сканерлеуден алынған нүктелер бұлты пайдаланылды.


Бұлт нүктелерінің жуықтау жазықтығынан стандартты ауытқуы орташа есеппен шамамен 10 мм болды, бұл модель мен зерттелген беттердің нақты геометриясы арасындағы жоғары сәйкестікті көрсетеді. Сонымен қатар, жуықтау

жазықтықтарының кеңістіктік орнын анықтау дәлдігі өлшемдердің үлкен массивін статистикалық өңдеуге байланысты бір лазерлік сканер өлшеуінен айтарлықтай асып түседі және әдетте бірнеше миллиметрлік мәндерге жетеді [103, p 216].

Алынған жазықтық модельдер қабырға құрылымдарының уақыт өте келе кеңістіктік ығысулары мен деформацияларын бағалау, сондай-ақ геодинамикалық және техногендік факторлардан туындаған жергілікті ауытқуларды анықтау үшін пайдаланылды. Бұл тәсіл бақылау нәтижелерінің сенімділігін арттырады және Алматы метрополитенінің құрылымдарындағы деформация процесстерін талдау мүмкіндіктерін кеңейтеді.


Осы әдісті қолдана отырып, «Сарыарқа» бекеті аумағында жүргізілген зерттеу жұмыстарының бастапқы кезеңінде бірінші және екінші түсіріс нүктелерінен алынған лазерлік сканерлеу нәтижелері негізінде нүкте бұлттарын өңдеу жүзеге асырылды. Алынған нүкте бұлттары Autodesk ReCAP бағдарламалық кешенінде жобалық ортаға импортталып, өзара кеңістіктік сәйкестендіру және біріктіру (тігу) жұмыстары орындалды. Метро желісін Faro 3D қолдана отырып сканерлеу (сурет 21) көрсетілген.

Нүкте бұлттарын тігу процесі түсіріс барысында алдын ала орнатылған арнайы сфералық бағдарлау нысандарын (таргеттерді) сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылды. Аталған әдіс нүкте бұлттарының жоғары дәлдікпен түйістірілуін қамтамасыз етіп, зерттеліп отырған нысанның тұтас және біртекті үшөлшемді геометриялық моделін қалыптастыруға мүмкіндік берді.



Сурет 21 – Faro 3D сканерін қолдана отырып тоннель құрылысын лазерлік сканерлеу процесі

Лазерлік сканерлеу жұмыстары FARO Focus 3D сериялы лазерлік сканерінің көмегімен жүргізілді. Қолданылған құрал жоғары өлшеу дәлдігімен, тығыз нүктелік ақпарат алу мүмкіндігімен және күрделі инженерлік нысандардың геометриялық параметрлерін жан-жақты сипаттауға қабілеттілігімен ерекшеленеді. Алынған деректер кейінгі кезеңдерде геометриялық деформацияларды, кеңістіктік ығысуларды және конструктивтік элементтердің жағдайын талдау үшін бастапқы негіз ретінде пайдаланылды (сурет 22).



Сурет 22 — Autodesk ReCap Pro бағдарламалық жасақтамасында тоннельдің лазерлік сканерлеуінен алынған нүктелер бұлттарын тігу процесі

FARO 3D лазерлік сканерін пайдаланып, метро туннелінің құрылымын жерасты лазерлік сканерлеуді орындау процесі 22-суретте көрсетілген. Сканер штативке орнатылған және тоннельдің ішкі беті мен коммуналдық желілерінің кеңістіктік геометриясын жазуға бағытталған. Зерттеу кезінде құрылғы жоғары тығыздықтағы нүктелердің кеңістіктік координаттарын автоматты түрде өлшейді, зерттелетін нысанның үш өлшемді нүктелер бұлттын жасайды.

Жерасты құрылымдарында лазерлік сканерлеуді қолдану тоннельдің нақты геометриялық жағдайы туралы егжей-тегжейлі ақпарат алуға, құрылымдық элементтердің кеңістіктік ауытқулары мен деформацияларын анықтауға және алынған деректерді жер бетінің геодинамикалық мониторингінің бөлігі ретінде деформация процессін кейіннен модельдеу және талдау үшін пайдалануға мүмкіндік береді.


Нүкте бұлттарын тігу барысында туындайтын қателіктер пайыздық көрсеткіштермен бағаланды. Тігу дәлдігі, негізінен, сканерлеу кезінде орнатылған сфералық бағдарлау маркаларының өзара арақашықтығына, олардың кеңістікте орналасуына және әрбір сканерлеу позициясынан көріну жағдайына тәуелді болды. Аталған факторлар нүкте бұлттарының өзара сәйкестендірілу сапасына және нәтижелік үшөлшемді модельдің геометриялық нақтылығына тікелей әсер етеді [104].

Берілген суретте нүкте бұлттарын (облако точек) біріктіру процессіндегі қателіктердің шамалары, сканерлеу бағыттарының кеңістіктік дұрыстығы, сондай-ақ лазерлік сканерлеу деректері негізінде қалыптастырылған тоннельдің үшөлшемді моделі көрсетілген. Алынған нәтижелер лазерлік сканерлеу әдісінің метрополитен тоннельдерінің геометриялық параметрлерін жоғары дәлдікпен сипаттауға және кейінгі кезеңдерде деформациялық өзгерістерді талдауға жарамды екенін дәлелдейді [105].

Autodesk ReCap Pro бағдарламалық жасақтамасында метро туннельі құрылымын лазерлік сканерлеудің тігу кезеңі (23-суретте) көрсетілген. Интерфейстің сол жағында лазерлік сканерлеу арқылы алынған тоннельдің ішкі көрінісі панорамалық бейнеленген. Оң жақта тігу процессін басқару терезесі орналасқан, онда сканерлеу туралауы тірек нүктелерін пайдаланып тексеріледі.

Тігу процесі нүктелер бұлтының қиылысу аймақтарында бекітілген сфералық маркаларды қолдануға негізделген. Бұл әртүрлі сканерлеу нүктелерінен алынған скандардың дәл кеңістіктік сәйкестігін қамтамасыз етеді. Біріктіру процессінде бағдарламалық жасақтама тірек маркаларының орналасуын автоматты түрде талдайды және пайдаланушыға олардың өзара бағдарлануының дұрыстығын растауды ұсынады. Тіркеу сапасы қалдықтық қилыспаушылықтардың (невязкалардың) шамасы бойынша бағаланады, бұл біртұтас нүктелер бұлтын қалыптастыру дәлдігін бақылауға мүмкіндік береді.

Алынған нүктелер бұлты 3D тоннель моделін кейіннен құру, оның геометриялық параметрлерін талдау және метро құрылымдарының геодинамикалық мониторингінің бөлігі ретінде мүмкін болатын деформация өзгерістерін анықтау үшін бастапқы негіз болады.



Сурет 23 – Autodesk ReCap Pro бағдарламалық жасақтамасында сканерлеу нәтижесін тігу кезеңі

Алматы метрополитенінің тоннель құрылысының учаскесінің үшөлшемді моделі Autodesk ReCap Pro бағдарламасында лазерлік сканерлеу деректерін өңдеу негізінде қалыптастырылып (сурет 23) көрсетілген. Модель бірнеше бақылау нүктелерінен алынған скандарды тіркеу нәтижесінде алынған біріктірілген нүктелер бұлты бойынша салынған.


Көрнекіленген үшөлшемді геометрия тоннельдің кеңістіктік конфигурациясын, қосылыстар учаскелерін, сондай-ақ жерасты құрылыстың сипаттамалық конструктивтік элементтерін егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік береді. Нүктелердің жоғары тығыздығы нысанның нақты геометриялық күйін

сенімді көрсетуге және кеңістіктік ығысулар мен деформацияларды кейінгі талдауға негіз қалыптастырады.

Алынған 3D-модель геодинамикалық бақылау аясында тоннельдің геометриялық параметрлерінің уақыт бойынша өзгерістерін бағалау, жергілікті деформацияларды анықтау және метрополитен құрылыстарын қауіпсіз пайдалану бойынша инженерлік шешімдерді негіздеу үшін қолданылады.

Метрополитен тоннель құрылысына жүргізілген лазерлік сканерлеу деректерін Autodesk ReCap Pro бағдарламасында көрнекілеу (сурет 24) нәтижесі. Сурет ортасында бірнеше сканерлік нүктелерден алынған лазерлік скандарды біріктіру нәтижесінде алынған нүктелер бұлты негізінде қалыптастырылған тоннельдің көлденең қимасы көрсетілген.

Көрсетілген қима тоннельдің ішкі контурларының геометриялық формасын, жол-құрылыс элементтері мен инженерлік коммуникациялардың орналасуын егжей-тегжейлі талдауға, сондай-ақ жобалық геометриядан мүмкін болатын ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары тығыздықтағы нүктелер бұлты нысанның нақты жағдайын дәл көрсетуге және геодинамикалық бақылау шеңберінде конструктивтік элементтердің деформациялары мен кеңістіктік ығысуын кейінгі сандық талдауға негіз қалыптастырады.




Сурет 24 – «Сарыарқа» және «Б. Момышұлы» бекеттері арасындағы метрополитен желісінің лазерлік сканерлеу нәтижелері бойынша қалыптастырылған нүктелер бұлттары негізіндегі үшөлшемді көрінісі

Тігу жұмыстары аяқталғаннан кейін әрбір түсіріс нүктесінде сканерлеу позицияларын белгілейтін ірі сфералық маркерлер көрнекіленеді. Аталған маркерлерді интерактивті түрде таңдау арқылы тиісті нүктеден алынған деректердің үшөлшемді көрінісін қарастыруға және жеке сканерлеу позицияларының сапасын бақылауға мүмкіндік туады.

Тоннельдік құрылыстарды 3D лазерлік сканерлеу әдісімен түсіру нәтижесінде алынған нүктелер бұлты метрополитен тоннельдерінің техникалық жай-күйін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, тоннель қаптамасында жарықшақтардың пайда болуы, жерасты суларының сүзілулері,

сондай-ақ конструктивтік элементтердің геометриялық параметрлерінің уақыт бойынша өзгеруі анықталады. Нүктелер бұлттарының көп уақыттық салыстырмалы талдауы тоннель геометриясындағы ықтимал деформацияларды, ығысуларды және пішіннің өзгеруін ерте кезеңде анықтауға жағдай жасайды.

Осылайша, лазерлік сканерлеу деректері метрополитен тоннельдерінің деформациялық жағдайын бақылаудың тиімді құралы және геодезиялық әрі аэуеғарыштық әдістермен біріктіріле отырып, геодинамикалық мониторингтің кешенді жүйесін қалыптастыруға негіз болады (сурет 25).



Сурет 25 – Лазерлік сканерлеу деректері бойынша метрополитеннің тоннель құрылысының көлденең қимасы (Autodesk ReCap Pro)

Үшінші тарау бойынша қорытынды

Алматы метрополитені аймағындағы геодинамикалық процестерді бағалау үшін геодезиялық және геоақпараттық әдістерді біріктіру ең тиімді тәсіл екені дәлелденді. Жерасты құрылыстары қауіпсіз пайдалану табиғи және техногендік әсерлердің бірлескен ықпалын кешенді есепке алуды талап етеді.

1. Жоғары технологиялық мониторинг жүйесінің өзегі – «далалық өлшеулер + модельдеу» қағидатына негізделген (multi-sensor) тәсілі деформациялық процестердің кеңістіктік-уақыттық заңдылықтарын анықтауға және тәуекелді аймақтарды ерте кезеңде белгілеуге мүмкіндік береді.

2. Геодезиялық жерүсті бақылаулар (GNSS, нивелирлеу, тахеометрия, деформациялық маркалар) жерасты және жер беті нүктелерінің өзара салыстырмалы және абсолюттік ығысуларын дәл анықтауды қамтамасыз етеді.

3. ҰҰА негізіндегі аэрофототүсіріс метро трассасы бойындағы рельеф пен жерүсті нысандарының өзгерістерін жедел бақылауда тиімді екенін көрсетті. Ортофотоплан, ЦМР/DEM, 3D-модельдер (фотограмметриялық) 1:2000 және ұсақ масштабтағы топографиялық негізді жаңарту, сондай-ақ ГАЖ-талдауға арналған дерекқорды толықтыру үшін қолдануға жарамды.

4. Жерасты полигонометриясы тоннельдердің геометриялық бақылауының базалық әдісі ретінде негізделді: ұзындығы 3201 м учаскеде жоспарлы-биіктік желі (34 репер) құрылып, ол қайталама бақылау кезеңдерінің кеңістіктік байланыстыруын қамтамасыз етті. Желіні теңестіру дәлдіктің нормативтік талаптарына (оның ішінде бұрыштық жабылмау шартына) сәйкес орындалды, ал тірек желісінің қол жеткізілген дәлдігі (шамамен ± 5 мм) нәтижелерді деформацияларды талдау және бағдарлау/өтпелі жұмыстарды қамтамасыз ету үшін қолдануға мүмкіндік береді.

5. Тоннельдердің КДК-сын диагностикалауда биіктік бақылау ақпараттылығы анықталды: нивелирлеу нәтижелері мен артық биіктіктерді талдау (464 бақылау нүктесі) тоннельдің бойлық профилі жалпы алғанда пішінін сақтайтынын, ал 2022 және 2025 жылдардағы кезеңдер арасындағы байқалған айырмашылықтардың жергілікті сипатта екенін көрсетті.

6. 3D ГАЖ және САД/инженерлік платформалар (AutoCAD Civil 3D, DJI Terra, Agisoft PhotoScan және т.б.) кеңістіктік деректерді жинау–өңдеу–визуализациялау–талдау–шешім қабылдау тізбегін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде тәуекелдерді басқаруға бағытталған арнайы ГАЖ құрудың ғылыми-тәжірибелік негізі қалыптасты.

Осы тарауда қарастырылған әдістемелер негізінде, Алматы метрополитені үшін деформация мен геодинамикалық үдерістерді зерттеудің ең нәтижелі жолы –ҰҰА-фотограмметрия, жерүсті геодезиялық бақылаулар және 3D лазерлік сканерлеуді сандық модельдеумен біріктіретін интеграцияланған мониторинг жүйесі. Бұл жүйе қауіпті учаскелерді ерте анықтауға, инженерлік шешімдердің негізділігін арттыруға және метро нысандарының эксплуатациялық қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді.

4 «САРЫАРҚА – Б. МОМЫШҰЛЫ» УЧАСКЕСІНДЕГІ ТОННЕЛЬДІК ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ КЕРНЕУЛІ-ДЕФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН INSAR ДЕРЕКТЕРІ ЖӘНЕ EXAMINE2D БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕУ

4.1 Геодезиялық, геоақпараттық және спутниктік радиолокациялық деректер негізінде «Сарыарқа» – «Б. Момышұлы» учаскесіндегі метрополитен тоннельдерінің кернеулі-деформациялық жағдайын және геодинамикалық факторлардың әсерін бағалау

Алматы метрополитенінің жерасты кеңістігіндегі геодинамикалық үдерістерді бақылау тоннельдер мен бекеттік кешендер орналасқан аймақта қалыптасатын жер қыртысы мен тау жыныстары массивінің деформациялық өзгерістерін анықтауға және бағалауға бағытталған. Аталған өзгерістер жерасты құрылыстарын салу және пайдалану нәтижесінде, сондай-ақ табиғи факторлардың, соның ішінде тектоникалық қозғалыстар мен гидрогеологиялық үдерістердің әсерінен туындайды. Бұл ретте метрополитеннің тоннельдері мен жерасты инфрақұрылымы элементтерін тікелей қоршаған жыныс массивінің кеңістіктік ығысулары мен кернеулі-деформациялық күйінің өзгерістерін бақылауға ерекше мән беріледі, өйткені жерасты кеңістігінде бұл үдерістер құрылыстардың орнықтылығы мен пайдалану қауіпсіздігіне барынша ықпал етеді [106].

Қазіргі уақытта Алматы метрополитенінің жерасты құрылыстарын пайдалану барысында тоннельдердің орнықтылығына және бүкіл жүйенің қауіпсіз жұмыс істеуіне әсер етуі мүмкін мынадай геодинамикалық қауіп-қатерлер анықталды:

- метрополитен трассасын кесіп өтетін тектоникалық жарылымдар аймақтарында жергілікті деформациялық үдерістердің белсенділенуі;
- әсіресе суға қанығуы жоғары және әлсіз цементтелген жыныстар таралған аймақтарда топырақтың жер бетіне жақын және терең қабаттарында орнықсыздықтың дамуы;
- жылжымалы құрамнан түсетін динамикалық жүктемелер мен жерасты сулары деңгейінің ауытқулары салдарынан инженерлік-геологиялық блоктардың ығысуы;
- жерасты қазбалары маңындағы кернеулердің қайта бөлінуі нәтижесінде кенеттен опырылулардың немесе отырулардың (шөгулердің) туындау ықтималдығы;

Алматы өңіріне тән сейсмикалық тербелістердің әсері, бұл тоннельдік құрылымдардың техногендік қауіп-қатерін арттырады.


Алматы метрополитенінің ықпал ету аймағындағы геодинамикалық үдерістерді зерттеуге бағытталған жерүсті және жерасты кешенді бақылаулар жүргізілді. Жер бетінде геодезиялық және спутниктік әдістерді қолдану арқылы тік және көлденең ығысулары бақылау жүзеге асырылса, метрополитеннің жерасты кеңістігінде тоннельдік құрылыстардың геометриялық күйі мен оларды қоршаған жыныс массивінің жай-күйіне бақылау жүргізілді. Бұрын алынған нәтижелер жер бетіндегі деформациялық көріністер мен жерасты

қазбаларындағы кернеулі-деформациялық күйдің өзгерістері арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік берді. Бұл жерасты және жерүсті деректерін геодинамикалық жағдайды кешенді бағалауды және тоннельдік құрылыстардың орнықтылығын болжаудың сенімділігін арттыруды қамтамасыз ететін бірыңғай бақылау жүйесіне интеграциялау қажеттілігін растады (кесте 5).

Кесте 5 – Метрополитеннің тоннельдік құрылыстарының геодинамикалық процестерін бақылау кезеңдері

№ кезең	Кезең атауы	Кезең мазмұны
1	Инженерлік-геологиялық жағдайларды талдау	Тоннельдік құрылыстар орналасқан ауданның инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және тектоникалық жағдайларын зерттеу, әлеуетті геодинамикалық қауіп-қатер факторларын анықтау
2	Геодезиялық бақылау жабдықтарын таңдау және орнату	Геодезиялық бақылау құралдарының (GNSS, нивелирлеу, лазерлік сканерлеу, InSAR) құрамы мен параметрлерін айқындау, тірек пункттері мен бақылау бекеттерін орналастыру
3	Белгіленген кесте бойынша тұрақты бақылау	Мониторинг бағдарламасына сәйкес жүйелі бақылаулар жүргізу, деректердің уақыт бойынша салыстырмалылығын қамтамасыз ету
4	ГАЗ көмегімен өңдеу және деректерді талдау	Бақылау нәтижелерін камералдық өңдеу, уақыттық қатарларды қалыптастыру, кеңістіктік ығысулар мен деформацияларды талдау
5	Метро құрылыстарының тұрақтылығын болжау және бағалау	Кернеулі-деформацияланған күйді модельдеу, тоннельдік құрылыстардың ағымдағы орнықтылығын бағалау және олардың болашақтағы сипатын болжау

Алынған деректер метрополитен тоннелінің жерасты бөлігін сандық түрде бейнелеудің бастапқы негізін қалыптастырады және оның геометриясын кейінгі кеңістіктік талдау үшін база қызметін атқарады. Кеңістікте реттелген нүктелер жиынтығы тоннель құрылысының пішінін, қаптама элементтерін және оған іргелес жатқан жыныс массивін тұтастай әрі егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік береді, бұл жерасты кеңістігінің дәл үшөлшемді моделін құру үшін қажет. 26-суретте зерттеу нысанының жерасты бөлігінің геометриялық сипаттамасын алу үшін пайдаланылған бастапқы нүктелік кластерлерді түрлендіру нәтижелері келтірілген. Қолданылатын тәсіл есептеу тұрғысынан жоғары тиімділігімен сипатталады, өйткені қалыптастырылатын торлық құрылым нүктелердің бастапқы координаталық деректерін сақтайды және тоннельдің кеңістіктік ығысулары, деформациялары мен кернеулі-деформациялық күйін кейінгі талдау үшін оңтайлы жағдай жасайды.



Сурет 26 - Топографиялық түсірілімнің координаталық негізі ҰҰА деректері негізінде

Метрополитен құрылыстарының ығысулары мен деформацияларына әсер ететін геодинамикалық сигналдардың факторлары мен фазаларын зерттеу: синтезделген апертуралы радиолокациялық интерферометрия (SAR Interferometry, InSAR) жерді қашықтан зондтаудың заманауи технологиясы болып табылады және жер беті мен жерасты құрылыстарының, соның ішінде метрополитен тоннельдерінің ығысуларын және деформацияларын жоғары дәлдікпен бағалауды қамтамасыз етеді [107,109]. Әдістің қағидаты спутниктік платформаларда орнатылған радиолокациялық датчиктер шығаратын және нысаннан шағылатын электромагниттік толқындарды тіркеуге, сондай-ақ сигналдың фазалық ақпаратын кейінгі талдауға негізделген.

InSAR классикалық тәсілі бірдей геометриялық түсірілім жағдайларында әртүрлі уақыт мезеттерінде алынған екі радиолокациялық бейненің фазаларын салыстыруға негізделеді. Фазалар айырмасы қарастырылып отырған уақыт аралығында датчик пен нысан арасындағы көру сызығы (Line of Sight, LOS) бағыты бойынша нысанның ығысу шамасына пропорционал болады. Спутниктік орбиталардың жүйелі түрде қайталануы бір аумақ үшін уақыттық қатарлар қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл деформациялық үдерістердің динамикасын талдауға алғышарттар жасайды.

Атмосфералық және орбиталық бұрмаланулардың әсерін азайтуға әрі ығысуларды миллиметрлік дәлдік деңгейінде анықтауға бағытталған дифференциалдық интерферометрияның жетілдірілген әдістері (Advanced DInSAR, ADInSAR) 1990-жылдардың соңынан бастап қарқынды дами бастады. Мұндай әдістердің қатарына тұрақты дисперсті интерферометрия (Persistent Scatterer InSAR, PS-InSAR) жатады, ол тұрақты амплитудасы мен когерентті


фазасымен сипатталатын тұрақты нүктелік рефлекторларды анықтауға негізделген [110,111].

Тұрақты радарлық сәулелердің таралулары, әдетте, қалалық инфрақұрылымның техногендік нысандарымен (ғимараттар, жарықтандыру тіректері, инженерлік құрылыстар), сондай-ақ жоғары шағылдыру қабілетіне ие табиғи элементтермен (жартасты тастар, қойтастар, сызықтық геоморфологиялық құрылымдар) байланысты болады. Құрылысы сирек және өсімдік жамылғысы әлсіз аймақтарда өлшеу нүктелерінің тығыздығын арттыру мақсатында 2011 жылы SqueeSAR әдісі ұсынылды, ол ақпаратты тек нүктелік қана емес, сонымен қатар үлестірілген радарлық сәулелердің таралуларынан да алуға мүмкіндік береді. Осы типтегі шағылыстырғыштардың жиынтығы жерүсті радиолокациялық эталондар желісін қалыптастырады, ол функционалдық тұрғыдан GNSS-бақылаулар желісіне ұқсас болып келеді және жекелеген құрылыстардың локалдық деформацияларын да жүздеген шаршы километр аумақтағы аймақтық ығысу өрістерін де мониторингтеуді қамтамасыз етеді.

InSAR технологияларын жерасты құрылысы мен тоннельдерді пайдалану жобаларында қолдану бірқатар негізгі артықшылықтарымен сипатталады. Біріншіден, әдіс тек жерүсті аспаптық бақылауларды пайдаланумен қол жеткізу мүмкін емес кең кеңістіктік қамтуды және өлшеу ақпаратының жоғары тығыздығын қамтамасыз етеді. Екіншіден, соңғы онжылдықтардағы мұрағаттық спутниктік деректердің болуы жобалау сатысының өзінде-ақ жерасты құрылыстарының трассасын жүргізу және орналастыру аудандарындағы деформациялық үдерістерге ретроспективтік талдау жасауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, кеңістіктік айқындығы жоғары және түсірілімді қайталау аралығы қысқа қазіргі заманғы спутниктік топтамалар жетілдірілген өңдеу алгоритмдерімен ұштасып, әрекеттегі метрополитен тоннельдерінің тұрақтылығын жедел әрі ұзақ мерзімді бақылауға жағдай жасайды.

Қарқынды құрылыс жүргізілетін және жерасты құрылысының күрделі технологиялары қолданылатын жағдайларда геодинамикалық тәуекелдерді бағалау мен басқару мәселелері жобалау сатысында да, сондай-ақ құрылыс және пайдалану кезеңдерінде де шешуші маңызға ие болады.

Жер беті деформацияларын талдау 2020, 2022 және 2025 жылдардағы көктем – күз айларынан алынған Sentinel-1 спутнигінің мәліметтерін өңдеу негізінде орындалды (сурет 27). Алынған нәтижелер Алматы метрополитенінің әсер ету аймағындағы геодинамикалық үдерістердің кеңістіктік-уақыттық заңдылықтарын анықтауға және оларды кешенді бақылау әдістемесін негіздеуге мүмкіндік берді.



Сурет 27 – Алматы қаласының секторы үстіндегі топырақтың қозғалыс картасы. Жоғары ажыратымдылықтағы Sentinel-1 кескіндері

Жер беті деформацияларын талдау топырақ массивінің кеңістіктік-уақыттық мінез — құлқына кеңейтілген талдау жүргізуге, сондай-ақ құрылыс жұмыстары басталғанға дейін ықтимал осал жерлері мен инженерлік құрылыстарды анықтауға мүмкіндік берді. Спутниктік бақылаулар нәтижелері бойынша аномальды беткі ығысулар тіркелген аймақтарда аумақтың геологиялық және геотехникалық сипаттамаларын нақтылау әрі бастапқы деректердің сенімділігін арттыру мақсатында қосымша жерүсті аспаптық зерттеулер жүргізілді.

Соңғы онжылдықта синтезделген апертуралы радиолокация (Synthetic Aperture Radar, SAR) деректері жер бетінің деформациялық үдерістерін анықтау және сандық бағалау үшін кеңінен қолданыс тапты. Жерүсті, әуе және ғарыштық радиолокациялық жүйелерді пайдалану қолданбалы міндеттердің аясын едәуір кеңейтіп, көшкіндік үдерістер мен шөгудерді талдаудан бастап, опырылымдарды және техногендік бұзылған аумақтарды бақылауға дейінгі міндеттерді қамтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жерүсті радиолокациялық кешендер, әсіресе тау — кен және құрылыс нысандарында жедел және ерте ескерту жүйелерін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде өзін дәлелдеді. Ал спутниктік радиолокациялық әдістер жүздеген және мыңдаған шаршы километр аумақты қамтитын кең ауқымды жердің деформацияларды картографиялау кезінде жоғары нәтижелілігін көрсетеді, бұл метрополитен трассалары сияқты сызықтық инфрақұрылымдық нысандар үшін аса маңызға ие.

Осы зерттеу шеңберінде спутниктік радиолокациялық әдістерді жерүсті геодезиялық бақылаулармен интеграциялау Алматы метрополитенінің ықпал ету

аймағында геодинамикалық тәуекелдерді бақылау мен бағалаудың кешенді әдістемесінің негізі ретінде қарастырылады.

Әрбір бақылау әдісіне ортақ жаңа дереккөздердің пайда болуы жаңа мүмкіндіктер туғызып, жаңа қолданбалы шешімдерді іске асыруға жол ашады. Еуропалық ғарыш агенттігі (European Space Agency, ESA) Sentinel-1A және Sentinel-1B алғашқы спутниктерін, ал Жапонияның ғарыш агенттігі (Japan Aerospace Exploration Agency, JAXA) жаңа ALOS-2 спутнигін ұшырды.

Sentinel-1A жерді қашықтан зондтаудың жаңа жүйесін қалыптастыру жолындағы алғашқы қадам. Мұнда радиолокациялық және оптикалық датчиктер жер туралы ең өзекті деректерді үздіксіз ұсынатын болады. Sentinel-1A платформасына орнатылған C-диапазонды радиолокациялық датчик (толқын ұзындығы шамамен 6 см) бүкіл жер шарының бейнесін әр он екі күн сайын алуға мүмкіндік береді, ал келесі жылы Sentinel-1B егіз спутнигінің ұшырылуынан кейін жер бетін бақылау бұрын-соңды болмаған дәлдікпен әр алты күн сайын жүзеге асырылатын болады.

Синтезделген апертуралы радиолокациялық зондтаудың спутниктік жүйелеріне шолу. Sentinel-1A спутнигі Еуропалық ғарыш агенттігінің (European Space Agency, ESA) Copernicus бағдарламасы шеңберінде жұмыс істейтін радиолокациялық қашықтан зондтау жөніндегі еуропалық ғарыш аппараттары. Аталған спутниктер қоршаған ортаның жай-күйін және қауіпсіздік мәселелерін бақылауға бағытталған осы бағдарлама аясында іске асырылған алғашқы SAR-бақылау аппараттары ретінде саналады.

Sentinel-1A бірдей күн-синхронды орбитаға орналастырылған және келісілген режимде жұмыс істейді, бұл екі аппаратты бірлесіп пайдаланған жағдайда бір аумақты қайта түсірудің интервалын алты тәулікке дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Мұндай орбиталық топтаманың конфигурациясы бақылаулардың уақыттық айырымдылығын едәуір арттырып, жер бетінің динамикалық үдерістерін мониторингтеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Негізгі техникалық сипаттамалары 6-кестеде келтірілген.

Кесте 6 – Sentinel-1A спутнигінің техникалық сипаттамасы

Сипаттама	Sentinel-1A
Миссия операторы	Еуропалық ғарыш агенттігі (ESA)
Бағдарлама	Copernicus
Түсіріс түрі	Белсенді радиолокациялық түсірілім (SAR)
Радиолокациялық диапазон	C-диапазон (жиілігі ~5,405 ГГц, толқын ұзындығы ~ 5,6 см)
Орбита түрі	Күн синхронды, квазиполярлы
Орбита биіктігі	~693 км
Айналым кезеңі	~98,6 мин
Орбита бағыты	Жоғары және төмен
Орбитаның қайталануы	12 тәулік (1 спутник), 6 тәулік (A + B)
Поляризация	Жалғыз (VV немесе HH) және қосарланған (VV+VH, HH+HV)
Кеңістіктік ажыратымдылық	~5 × 5 м бастап ~40 × 40 м дейін (режимге байланысты)
Ұстау жолағы	~80 км бастап ~400 км дейін
Түсірудің негізгі режимдері	SM, IW, EW, WV

InSAR үшін негізгі режим	IW (Interferometric Wide Swath)
Деректер форматы	SLC, GRD
Мұрағаттық талдау мүмкіндігі	(2014 ж. бастап)
Қолданудың негізгі бағыттары	InSAR, деформацияны бақылау, көшкін, шөгу, инфрақұрылым

Екі спутник те техникалық сипаттамалары бойынша дерлік бірдей және С-диапазонда белсенді радиолокациялық түсірілім жүргізуді жүзеге асырады. Ғарыш аппараттарын жобалау, әзірлеу және интеграциялау жұмыстарын Thales Alenia Space компаниясы орындады. Sentinel-1A және Sentinel-1B спутниктері Куру ғарыш айлағынан ұшырылып, одан кейін Copernicus орбиталық топтамасының құрамында штаттық пайдалану режиміне енгізілді.

Sentinel-1A миссиясының одан әрі дамуы серияның келесі аппараттары есебінен спутниктік топтаманы кеңейту мен жаңартуды көздейді. Бұл радиолокациялық бақылаулардың сабақтастығын қамтамасыз етуге және геодинамикалық мониторинг пен инженерлік зерттеулер үшін аса маңызды болып табылатын деректердің ұзақ мерзімді уақыттық қатарларын сақтауға бағытталған [112].

Sentinel-1A сериясындағы ғарыш аппаратының бортында Astrium компаниясы әзірлеген синтезделген апертуралы радиолокациялық бекет (С-SAR) орнатылған. Ол жер бетінің радиолокациялық бейнелерін барлық ауа райы жағдайында алуды қамтамасыз етеді. Радиолокациялық түсірілім электромагниттік толқындардың С-диапазонында (толқын ұзындығы шамамен 6 см) жүзеге асырылады, бұл жарықтану мен бұлттылық жағдайларына тәуелсіз түрде жер бетінің өзгерістерін тиімді тіркеуге мүмкіндік береді. Түсірілімнің жекелеген режимдерінде деректерді тиісті өңдеуден кейін кеңістіктік айырымдылық 1×1 м-ге дейін жетеді.

Ғарыш аппараты Thales Alenia Space компаниясы әзірлеген PRIMA унификацияланған платформасы негізінде жасалған. Бағдарлау және тұрақтандыру жүйесі аппараттың орбитада үш ось бойынша тұрақтандырылуын шамамен $0,01^\circ$ дәлдікпен қамтамасыз етеді. Орбита параметрлерін анықтау дәлдігі әрбір координаталық бағыт бойынша шамамен 10 м (3σ) құрайды, бұл жоғары дәлдікті радиолокациялық бақылауларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Ғарыш аппараты конструктивтік тұрғыдан параллелепипед пішінінде орындалған. Корпустың орталық көтергіш бөлігі алюминий қорытпаларынан жасалған және көміртекті пластиктен дайындалған орталық құрылыммен күшейтілген. Бұл массалық-габариттік сипаттамалары оңтайлы бола отырып, қажетті қатаңдықты қамтамасыз етеді. Аппаратты жобалау барысында модульдік қағида қолданылған, оған сәйкес пайдалы жүктеме мен платформаны жеке-жеке интеграциялау және сынақтан өткізу, кейін оларды біртұтас жүйеге біріктіру көзделген.

PRIMA платформасы конструктивтік жағынан өзара функционалдық тұрғыдан бөлінген үш негізгі модульден тұрады, бұл жекелеген ішкі жүйелерді

параллель түрде жинақтауға және сынақтан өткізуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл құрастырудың технологиялылығын арттырады, аппараттың сенімділігін жоғарылатады және ұшуға дейінгі сынақтарды жүргізудің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Sentinel-1A сериялы спутниктердің C-SAR радиолокаторының негізгі техникалық сипаттамалары 8-кестеде келтірілген.

Кесте 7 - Sentinel-1 спутниктерінің c-SAR радиолокаторының негізгі техникалық сипаттамалары

Параметр	Мәні
Радар түрі	Синтезделген диафрагма радиолокациялық бекеті (C-SAR)
Пайдалы жүктемені жасаушы	Astrium (Airbus Defence and Space)
Радиолокациялық диапазон	C-диапазон
Жұмыс жиілігі	~5,405 ГГц
Толқын ұзындығы	~5,6–6,0 см
Сәулелену түрі	Белсенді
Поляризация	VV, HH, VV+VH, HH+HV
Түсірудің негізгі режимдері	SM (Stripmap), IW (Interferometric Wide Swath), EW (Extra Wide Swath), WV (Wave Mode)
InSAR үшін негізгі режим	IW (Interferometric Wide Swath)
Кеңістіктік ажыратымдылық	~1 × 1 м (SM) ден ~40 × 40 м (EW) дейін
Ұстау жолағы	~80–100 км ден (SM, IW); ~400 км (EW) дейін
Антенна түрі	Фазалық антенна торы
Антенна ұзындығы	~12 м
Сигналдардың когеренттілігі	Жоғары, интерферометриялық өңдеуге жарамды
Деректер форматтары	SLC (Single Look Complex), GRD (Ground Range Detected)
Қолданудың негізгі бағыттары	InSAR, деформацияларды, көшкіндерді, шөгінділерді, инженерлік құрылыстарды бақылау

Біздің зерттеулерімізде Sentinel-1A ғарыштық аппаратынан алынған деректерді пайдаланудың негізгі бағыты метрополитен аумағындағы жер бетінің жылжуларын бақылау маңызды болып табылады.

4.2 Интерферометриялық шағылдырғыштардың деректер базасын қалыптастыруға арналған әдістемелік талдау

Диссертациялық жұмыстың 3-бөлімінде метрополитен құрылыстарының ығысулары мен кернеулі-деформацияланған күйінің өзгерістерін анықтауға бағытталған деформациялық процестерді зерттеудің геодезиялық және жерүсті әдістері қарастырылды. Жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулердің, лазерлік сканерлеудің нәтижелеріне және жерасты тоннельдік құрылыстары деформацияларының кеңістіктік-уақыттық динамикасын талдауға ерекше назар аударылды. Алынған нәтижелер метрополитеннің зерттелген учаскелері шегінде байқалатын жергілікті деформациялық көріністерді сипаттауға мүмкіндік берді.

Жүздеген шаршы километрді қамтитын ауқымды аумақтардағы жер беті деформацияларын бағалау үшін спутниктік радиолокациялық түсірілім деректері кеңінен қолданылады. Мұндай деректерді өңдеу, әдетте, жер беті ығысуларын қашықтан анықтау мен талдауды қамтамасыз ететін дифференциалды радиолокациялық интерферометрияның (DInSAR) дәстүрлі әдісін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Радиолокациялық интерферометрия әдісінің негізін шағылған радиолокациялық сигналдың интерференциялық фазасын талдау құрайды. Радиолокациялық кескіннің әрбір пикселі шағылған электромагниттік толқынның нақты және жорамал құраушылары бар кешенді амплитуда туралы ақпаратты қамтиды. Бұл құраушылар кескіннің амплитудалық (интенсивтік) және фазалық компоненттеріне түрлендірілуі мүмкін. Радиолокациялық суреттердің кеңістіктік айырымдылығы, әдетте, бір шаршы метрден жоғары болады, бұл амплитудалық құраушы бойынша ұсақ, соның ішінде миллиметрлік ығысуларды тіркеу мүмкіндігін шектейді. Осыған байланысты жоғары дәлдікті деформацияларды анықтау үшін әртүрлі уақыт мезеттерінде алынған радиолокациялық суреттер топтамалары арасындағы фазалық өзгерістерді талдау қолданылады.

Әртүрлі уақыт сәттерінде (мысалы, тәуліктік кезеңмен) спутниктік радиолокациялық жүйелер арқылы алынған SAR-бейнелер топтамаларының фазалық компоненттерін талдау негізінде интерферометриялық фазаның уақыт бойынша өзгерісі анықталады. Фазалық құраушының вариациялары жер бетінен шағылған электромагниттік толқынның жүріс жолының айырмасымен сызықтық тәуелділікте болады. Бұл жер беті нысандарының тік ығысуларын және деформацияларын сандық түрде бағалауға мүмкіндік береді. Олардың шамалары спутниктің радиолокациялық сигналы толқынының ұзындығымен шамалас болып, әдетте бірнеше сантиметрді құрайды [113].

Дәстүрлі DInSAR әдісінің одан әрі дамуы ұзақ уақыт бойы (әдетте бірнеше ай ішінде) алынған радиолокациялық бейнелердің уақыттық қатарларын өңдеуге негізделген тәсілдердің қалыптасуымен байланысты. Осы әдістер тобының ең кең таралған әрі тиімділерінің бірі — тұрақты шағылдырғыштар әдісі (Persistent Scatterer, PS).

Тұрақты шағылдырғыштар әдісі бір «мастер» деп аталатын тірек радиолокациялық кескінге қатысты қалыптастырылатын жұп интерферограммалар сериясын талдауға негізделеді. Радиолокациялық антеннаның кеңістіктік айыру қабілетінің шектеулілігіне байланысты әрбір пиксельдегі интерферометриялық фазаның мәні сәйкес айыру ұяшығы шегінде орналасқан барлық нысаннан шағылған сигналдардың векторлық қосындысын білдіреді. Егер пиксель ішіндегі шағылдыратын нысандар ретсіз ығысуларға ұшыраса, мысалы, қалың өсімдік жамылғысы болған жағдайда, сигналдың жиынтық фазасы кездейсоқ түрде өзгереді және уақыт бойынша когеренттілігін сақтамайды.

Керісінше, айыру ұяшығы шегінде шағылған сигналға басым үлес қосатын нысан (жартасты жалаңаштану, ғимарат элементтері, инженерлік құрылыстар немесе ашық беткі учаскелер) болған жағдайда, шағылған сигналдың фазалық

құраушысы бүкіл бақылау кезеңі бойында тұрақты күйде сақталады. Осы шарт орындалған кезде пиксель тұрақты шағылдырғыш ретінде сәйкестендіріледі, бұл оны жер беті мен инфрақұрылым нысандарының уақыттық және кеңістіктік ығысуларын жоғары дәлдікпен анықтау үшін пайдалануға мүмкіндік береді [114].

Тұрақты нүктелік шағылдырғыштардың интерферометриясы әдісі (Persistent Scatterer Interferometry, PSI) 1999 жылы Милан политехникалық университетінде әзірленген. Оның тиімділігі нүктелік нысандардың ерекше радиолокациялық қасиеттерімен айқындалады, яғни олар көп мәрте спутниктік түсірілімдер жүргізілген жағдайда да ұзақ уақыт аралығында радиолокациялық сигналдың кері шашырау деңгейінің тұрақтылығын сақтайды.

Әдетте мұндай шағылдыратын нысандардың өлшемдері радиолокациялық кескіннің кеңістіктік айыру элементінен кіші болады. Бұл тіпті базистік сызығы (baseline) критикалық мәннен асатын кескін жұптары үшін де интерферометриялық фазаның жоғары когеренттілік деңгейін (әдетте 0,5-тен жоғары) қамтамасыз етеді. Атмосфералық фазалық ығысуды (АФЫ) дұрыс бағалау және өтемдеу жағдайында тұрақты шағылдырғыштардың тірек бетке қатысты биіктіктерін 1 м-ден жоғары дәлдікпен анықтауға, сондай-ақ олардың сызықтық ығысуларын 1 см-ге дейінгі дәлдікпен өлшеуге мүмкіндік туады [115,116, p 78].

Интерферометриялық әдістеме жер бетінің бір нысанына қатысты, бір-біріне жақын орналасқан және локалды түрде параллель орбиталардан алынған радиолокациялық кескіндер жұбын пайдалануға негізделеді. Екінші кескін сол бір спутникпен немесе оның тандемдік жұбымен түсірілуі мүмкін, бұл атап айтқанда, Sentinel-1A және Sentinel-1B спутниктерінің бірлескен пайдалану кезеңінде жүзеге асырылған. Екі кескіннің негізінде кешенді интерферограмма қалыптастырылады, ол элементтері бірінші кескіннің кешенді сигналы мен екінші кескіннің кешенді түйіндес (комплекті-сопряжённый) сигналының көбейтіндісі ретінде есептелетін екі өлшемді матрица болып табылады. Нәтижесінде интерферограмманың әрбір элементінің фазалық құраушысы екі радиолокациялық кескін сигналдарының фазалар айырымына сәйкес келеді.

Интерферометриялық өңдеу барысында геометриялық және атмосфералық әсерлерді дұрыс ескеру үшін жер бедерінің сандық моделін пайдалану талап етіледі. Жер бедерінің сандық моделі немесе тәуелсіз дереккөздер негізінде алынуы мүмкін, не деформациялық процесстердің болмауы немесе олардың ең аз байқалуы кезеңінде алынған сол аумақтың радиолокациялық кескіндер жұбын өңдеу нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Жер бетінің шағылдыратын элементінде ығысу болмаған жағдайда интерферометриялық фазалар айырымы спутниктің екі түрлі орналасуындағы (r_1G және r_2G) қарастырылып отырған жер беті нысанына дейінгі қиғаш қашықтықтардың айырмасымен анықталады. Бұл фазалық сигналдың таза геометриялық құраушысын сипаттайды (сурет 28).

бойынша қашықтық) және түсірілім аумағының топографиясына, яғни шағылдырғыш элемент орналасқан нысанның сфероидтан биіктігіне тәуелді функциялар арқылы өрнектеуге болады. Осы тәуелділіктердің дифференциалды интерферограммаға қосатын үлесін алып тастау үшін орбита параметрлері туралы деректер және жер бедерінің сандық моделі (ЖБСМ) қолданылады. Бұл ретте екінші тәуелділік өз алдына интерферометриялық өңдеудің негізгі құрамдас бөліктерінің бірін құрайды.

$$z = H - r_{1G} \cos \theta, \quad (2)$$

мұндағы H - орбитаның орташа жер бетінен биіктігі

Классикалық радиолокациялық синтезделген апертура интерферометриясының (РСА-интерферометрия) негізгі шектеуші факторларының бірі – бір және сол жер беті нысанынан қайталама түсірілімдер кезінде шағылған сигналдар арасындағы когеренттіліктің жоғалуы. Бұл құбылыс декорреляция деп аталады және оны әдетте кеңістіктік және уақыттық құрамдас бөліктерге бөледі. Кеңістіктік немесе басқаша айтқанда геометриялық декорреляция, жер бетінің бір және сол нысанды түсіру кезінде спутниктің әртүрлі орналасуынан туындайтын бақылау бұрыштарының айырмасымен байланысты. Осыған байланысты шағылған сигналдардың фазалық сәйкестігі бұзылады. Кеңістіктік декорреляцияның көрсеткіші γ_{geom}

$$\gamma_{geom} = 1 - \frac{2|B|\Delta r_g \cos \theta}{\lambda R}, \quad (3)$$

мұндағы θ - бақылау бұрышының орташа мәні, λ - толқын ұзындығы, B - интерферометр базасының көлденең компоненті (екі спутниктің арасындағы орналасу қашықтығы), Δr_g — көлденең диапазондағы ажыратымдылық, R — көлбеу арақашықтық.

Интерферограмма алу үшін әртүрлі орналасудан түсірілген екі сурет пайдаланылады. Түсірілім жүргізілген сәттердегі спутниктің орналасу орындарының арасындағы қашықтық базалық сызық деп аталады. Базалық сызықты екі құрамдасқа жіктеуге болады: сигналдың таралу бағытына параллель және оған перпендикуляр бағытталған құрамдастар, олар сәйкесінше параллель базалық сызық және перпендикуляр базалық сызық деп аталады [116, p 82]. Спутниктің әртүрлі орналасу жағдайларында зерттелетін шағылыстырушы бетке түсетін сәуленің түсу бұрыштары әртүрлі болғандықтан, екі суреттегі сигнал спектрлері бір-біріне қатысты ығысқан күйде болады. Аппаратураның өткізу жолағы өзгеріссіз қалатындықтан, екі суреттің спектрлері ішінара қабаттасады, алайда қабаттаспайтын екі аймақ та қалыптасады, оларды шу ретінде қарастыруға болады. Бұл қабаттаспайтын спектрлік бөліктерді жолақтық сүзгілеу (полосалық фильтрация) әдісі арқылы жою қажет. Жолақтық сүзгіні

баптау үшін спектрлік аймақтағы ығысу шамасын барынша жоғары дәлдікпен анықтау қажет. Аталған ығысуды тікелей сурет бойынша бағалауға болады, себебі интерференциялық жолақтардың жиілігі дәл осы спектрлік ығысу шамасын сипаттайды немесе оны орбиталық деректер негізінде де анықтауға болады.

Спектрлердің ығысуы перпендикуляр базалық сызықтың шамасына тәуелді. Критикалық базалық сызық деп перпендикуляр базалық сызықтың спектрлер мүлдем қабаттаспайтын және суреттерді бірлесіп өңдеу мүмкін болмайтын шамасын айтады. ERS спутниктері үшін критикалық базалық сызық 1100 м-ге тең, алайда спектрлік ығысуды түзету кеңістіктік ажыратымдылықтың төмендеуіне алып келетіндіктен, перпендикуляр базалық сызығы 100–500 м аралығындағы суреттер жұптарын таңдау ұсынылады [116, р 79,83]. Ұзын толқын ұзындықтары диапазонында жұмыс істейтін ALOS спутнигі үшін критикалық перпендикуляр базалық сызық ERS спутниктерімен салыстырғанда шамамен 8 есе үлкен.

Уақыттық декорреляция интерферометриялық өңдеуде пайдаланылатын суреттердің түсірілімдері арасындағы уақыт аралығында жер бетінде орын алатын барлық өзгерістерге тәуелді [30, р 7]. Зерттелетін беттің кері шашырау сипатына топырақ ылғалдылығының өзгеруі, беткі қабаттың кедір-бұдырлығы және өсімдік жамылғысы айтарлықтай әсер етеді. Әсер етуші факторлардың көптігі уақыттық декорреляцияны аналитикалық және сандық тұрғыдан бағалауды іс жүзінде мүмкін емес етеді.

Геометриялық және уақыттық декорреляциялар PCA-интерферометрия әдісімен өңдеуге жарамды радиолокациялық суреттер жұптарының санын шектейді. Бұл зерттеліп отырған аумақты талдау үшін қолжетімді деректер жиынтығын толық пайдалануға мүмкіндік бермейді [117]. Айта кету керек, жұптық интерферограммалар базалық сызықтардың шамасына аса сезімтал болып келеді. Ал көптеген суреттерді бір мезгілде талдауға негізделген әдістерді (тұрақты шағылыстырғыштар әдісінің әртүрлі модификациялары) қолдану кезінде базалық сызықтардың шамасына қойылатын талаптар едәуір жұмсартылады, дегенмен олар, критикалық мәндерден аспауы тиіс.

Әрбір PCA-сурет пикселінің фазалық мәнінде атмосфералық біртектіліктермен байланысты құрамдас болады. Әрбір PCA-суреттегі атмосфералық кедергілердің болуы жер беті деформацияларын радарлық интерферометрия әдісімен бағалау дәлдігін төмендетеді.

Екі PCA-суреттің g_1 және g_2 кешенді когеренттілігі (кешенді корреляция коэффициенті) деп амплитудасы мен фазасы бар кешенді есептеулердің екі өлшемді матрицасы түрінде ұсынылған бұл суреттер үшін төмендегіше анықталатын шаманы атайды [118]:

$$\gamma = \frac{E\{g_1 g_2^*\}}{\sqrt{E\{|g_1|^2\} E\{|g_2|^2\}}}, \quad (4)$$

мұндағы $E\{ \}$ - математикалық күту операторы, * - кешенді түйіндесу.

Когеренттілік екі салыстырылатын сигналдың фазалық мәндерінің корреляция дәрежесін сипаттайтын өлшем. Ол интерферограмманың барлық пиксельдері үшін есептелуі мүмкін. Соның нәтижесінде когеренттілік мәндерінің матрицасы анықталады; бұл матрица көбіне когеренттілік картасы деп аталады [116, p 89].

РСА-интерферометрия әртүрлі тектегі деформацияларды бақылауда кеңінен қолданылады. Оларға тектоникалық деформациялар, вулканизм, жерасты суларының динамикасы, мұздық процесстері, көшкіндер, пайдалы қазбаларды өндіру аймақтары мен тоннельдер үстіндегі шөгүлер және т.б. жатады [40, 41]. [40, p 326-328] еңбегінде R. Bürgmann 2000 жылға дейін жүргізілген, әртүрлі деформациялық процесстерді зерттеуде InSAR деректері пайдаланылған жұмыстарға жан-жақты шолу ұсынады. Қолдану салаларының кеңеюі мен практикалық тәжірибенің жинақталуына байланысты спутниктік интерферометрияны қай салаларда тиімді қолдануға болатыны, сондай-ақ әдістің проблемалары мен шектеулері туралы түсінік біртіндеп қалыптасуда. Атап айтқанда, спутниктік интерферометрияның маңызды артықшылықтарының бірі — деректер мұрағатының болуы, бұл жаңа аумақтарды бақылау кезінде қазіргі уақытта байқалатын қозғалыстарды соңғы 10–15 жыл ішіндегі қозғалыстармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары әртүрлі толқын ұзындықтары диапазондарында жұмыс істейтін жаңа спутниктердің іске қосылуы және тұрақты шағылыстыратын алаңдарды бөліп көрсету арқылы суреттер сериясын бірлесіп талдауға негізделген әдістердің дамуы бақылау мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Мұндай алаңдарды анықтау және олардың қозғалыс жылдамдығының уақыт бойынша өзгерісін талдау үшін тұрақты шағылыстырғыштар әдістері (Persistent Scatterers және Permanent Scatterers), шағын базалық сызықтар әдісі (Small Baselines) және басқа да бірқатар тәсілдер әзірленді. Бұл әдістер осы жұмыста бұрын сипатталған. Маңыздысы, соңғы жылдары жүзеге асырылған көптеген жобалар [119,121] спутниктік деректер негізінде алынған жер беті қозғалысының жылдамдық бағалары мен дәстүрлі жерүсті әдістері арқылы алынған нәтижелердің өте жақсы сәйкестігін көрсетті.

4.3 Ғарыштық радиолокациялық интерферометрия деректерін өңдеу және талдау нәтижелері

Жаңа буын ғарыштық жүйелердің техникалық сипаттамаларын талдау нәтижесінде дифференциалдық интерферометрия міндетін шешу үшін көп өтпелі интерферометрияға арналған Sentinel-1A ғарыш аппараты таңдап алынды.

Радиолокациялық ғарыштық суреттер жұбы бойынша интерферограмма құру үшін жоғары дәлдікті және әртүрлі масштабтағы сандық жер бедері модельдерін қалыптастыруға, сондай-ақ жер бетінің тұрақтылығы туралы сандық және сапалық ақпаратты бейнелейтін арнайы карталар жасауға мүмкіндік беретін мамандандырылған бағдарламалық өнімдер (Gamma, D-InSAR (ERDAS), PhotomodRadar, SARscape (ENVI), SNAP және т.б.) қолданылады [122].


Метро желісін зерттеу барысында Copernicus hub сайтынан Sentinel-1 спутниктерінің с-SAR радиолокаторынан алынған мәліметтер жазылып алынды (сурет 29). Copernicus Open Access Hub деректерін ғылыми зерттеулерде әртүрлі міндеттерді шешу үшін қолдануға болады, мысалы:

- қалалық жоспарлау және жерді мониторингілеу. Қалалардың кеңеюі мен инфрақұрылымның өсуі туралы деректер өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді.

- ауыл және орман шаруашылығы. Sentinel-2 спутниктік суреттері жер жамылғысын зерттеуге, өсімдіктер жамылғысын және ауыл шаруашылығын мониторингілеуге мүмкіндік береді.

- төтенше жағдайлар және климатты зерттеу. Sentinel-3 және Sentinel-5P деректері теңіз беті температурасы, су сапасы, ауа ластануы және парниктік газдар деңгейін бақылауға көмектеседі.

- теңіз және атмосфералық зерттеулер. Теңіз бетінің температурасы мен су сапасы туралы деректер теңіздік және атмосфералық зерттеулер үшін жарамды.



Сурет 29 - Жүктелген Sentinel-1 ғарыштық суретінің мәліметтері


Copernicus Open Access Hub деректерді ГАЗ-дың стандартты форматтарында ұсынады, бұл оларды SNAP, QGIS, ArcGIS, Python және R бағдарламаларында, сондай-ақ Google Earth Engine платформасында пайдалануды жеңілдетеді.

Радиолокациялық ғарыштық суреттерді интерферометриялық өңдеуді іске асыру үшін Interferometric модулі бар SNAP жүйесі таңдалды. Бұл жүйенің артықшылықтарына ұқсас бағдарламалық кешендер арасындағы функционалдық мүмкіндіктердің толық жиынтығы, жетілдірілген пайдаланушы интерфейсі жатады. Есептеу үдерістері автоматтандырылған және пайдаланушыдан арнайы дайындықты талап етпейді. Көпдеңгейлі және заманауи бағдарламалау құралдары, соның ішінде GraphBuilder визуалды бағдарламалау ортасы қолданылады. Әзірлеу ортасының стандарты SNAP-пен қатар басқа да әзірлеушілер жасаған модульдерді пайдалануға мүмкіндік береді. ArcGIS және ArcSDE жүйелерімен толық интеграцияланған. Сандық фотограмметрияның қосалқы жүйелері бар. Сараптамалық жүйелерге негізделген қуатты классификациялау жүйесі енгізілген. Радиолокациялық суреттерді өңдеуге арналған функциялардың толық жиынтығы қамтылған.

Функционалдық мүмкіндіктерді DLL арқылы кеңейту механизмі және көпплатформалылық қамтамасыз етілген. DLL жазу арқылы меншікті форматтарды пайдалану мүмкіндігі бар. Растрлық форматтарды импорттамай-ақ көру және өңдеу мүмкіндігі қарастырылған [47,49, p 640]. Таңдалған жүйеде радиолокациялық ғарыштық суреттерді интерферометриялық өңдеуді іске асырудың тестілік тексерісі мұрағаттық деректер негізінде жүргізілді. Интерферометриялық өңдеу үшін бір аумақтың үстінен қайталама ұшу кезінде радиолокатор арқылы алынған екі сурет пайдаланылды. Екі спутниктік суреттің фазалық айырмашылығы (жер бетінің бекітілген нысанынан әртүрлі уақыт мезеттерінде шағылған когерентті радиотолқындар фазаларының айырмасы) негізінде интерферограмма қалыптастырылады.

Сандық жер бедері модельдері (СЖБМ) сандық форматқа көшірілген топографиялық карталар негізінде, сондай-ақ Sentinel-1A спутниктік радиолокациялық түсірілім деректері бойынша ғарыштық радиолокациялық интерферометрия (ҒРИ) технологиясын қолдану арқылы жасалды. Алынған СЖБМ интерферометриялық өңдеу және радиолокациялық сигналдың фазалық құрамдастарын ажырату үшін бастапқы негіз ретінде пайдаланылды.

Алматы метрополитенінің трассасы бойындағы жер бетінің жоспарлық және биіктік ығысуларын абсолюттік мәндерде анықтау үшін ғарыштық радиолокациялық интерферометрияның мұрағаттық деректері қолданылды. Радиолокациялық түсірілім жаңа буын Sentinel-1A ғарыш аппараттарымен орындалды, оған әртүрлі уақыт мезеттерінде алынған көп өтпелі SAR-суреттер жұптары кірді (сурет 30).



2020 жыл мамыр

2020 жыл қыркүйек


Базалық сызық – 200м.

Интерферограмма

Сурет 30 – Sentinel-1A ғарыш аппараттарының суреті


Әртүрлі уақыт мезеттерінде алынған радиолокациялық бейнелер негізінде зерттелетін аумақтың интерферограммалары генерацияланды. TOPS Coregistration — SNAP бағдарламасында Sentinel-1 деректерін, әсіресе SLC өнімдерін интерферометриялық өңдеуге дайындау үшін қолданылатын негізгі

қадам. Екі немесе бірнеше спутниктік суретті бір — біріне дәл сәйкестендіреді (сурет 31).




Сурет 31 – SNAP бағдарламасында TOPS Coregistration командасы

Интерферограмманың қалыптасуы (Interferogram Formation) — бұл бір аймақты әртүрлі уақыттарда түсірілген екі кешенді радиолокациялық суреттің (Master және Slave SLC өнімдері) сәйкес пиксельдері бойынша фазалық айырмасын есептеу процесі. Нәтижесінде интерферограмма деп аталатын фазалық карта алынады, ол жер бетінің биіктігіне, деформациясына және атмосфералық әсерлерге байланысты ақпаратты қамтиды. Interferogram Formation – интерферометриялық талдаудың негізгі есептеу кезеңі, оның нәтижесі жер бетінің биіктік және деформациялық параметрлерін анықтауға мүмкіндік беретін фазалық интерферограмма алуға бағытталған (Сурет 32).




Сурет 32 – Фазалық интерферограмма алу

Дебурст шырдары (TOPS Deburst) – бұл Sentinel-1 TOPS режимінде түсірілген радиолокациялық суреттердегі жекелеген burst сегменттерін біртұтас үздіксіз радиолокациялық бейнеге біріктіру процесі. Аталған операция нәтижесінде әрбір субжолақ (sub-swath) бойынша үзіліссіз, геометриялық тұрғыдан тұтас кескін қалыптасады. Sentinel-1 спутнигі TOPS режимінде түсіру кезінде бейнені қысқа уақыттық импульстармен (burst) жинайды. Әр burst азимут бағыты бойынша бір — бірінен бөлек орналасады және олардың арасында аздаған қабаттасу немесе үзіліс болады. TOPS Deburst – Sentinel-1 TOPS деректеріндегі burst құрылымын жойып, фазалық және амплитудалық ақпараттың кеңістіктік үздіксіздігін қалыптастыратын негізгі алдын ала өңдеу кезеңі маңызды (Сурет 33).



Сурет 33 – Фазалық және амплитудалық ақпараттың кеңістіктік үздіксіздігін қалыптастыру кезеңі


Multilook – бұл синтезделген апертуралы радиолокациялық (SAR) кескіннің азимут және қашықтық (range) бағыттары бойынша бірнеше көріністерін (looks) біріктіру арқылы пиксель мәндерін орташа есептеу процесі. Нәтижесінде радиолокациялық бейненің кеңістіктік ажыратымдылығы біршама төмендегенімен, оның радиометриялық сапасы мен сигнал, шу қатынасы едәуір жақсарады. SAR кескіндеріне тән негізгі кемшілік — когерентті сәулелену табиғатына байланысты пайда болатын дақ тәрізді шу (speckle). Multilook операциясы көршілес пиксельдерді біріктіріп, олардың амплитудасы немесе интенсивтілігі бойынша орташа мәнін есептеу арқылы осы шудың әсерін әлсіретеді және бейненің біртектілігін арттырады. Multilook — радиолокациялық кескіннің шу деңгейін төмендетіп, интерферометриялық талдау нәтижелерінің сапасын арттыруға бағытталған міндетті алдын ала өңдеу кезеңдерінің бірі (сурет 34).



Сурет 34 – Радиолокациялық кескіннің шу деңгейін төмендету және интерферометриялық талдау сапасын арттыру


Голдштейн фазасын (сүзу Goldstein Phase Filtering) — бұл интерферограммадағы фазалық шуды басу және фазалық өрістің тегістігін қамтамасыз ету үшін жиіліктік аймақта жүзеге асырылатын бейімделгіш сүзгілеу процесі. Аталған әдіс фазалық сигналдың спектрлік сипаттамаларын ескере отырып, жоғары жиілікті кездейсоқ компоненттерді әлсіретіп, интерферометриялық фазаның негізгі құрылымын сақтауға бағытталған. Интерферограмма фазасы жер бедерінің рельефіне, жер бетінің

деформациясына, атмосфералық кідірістерге және өлшеудің шуларына тәуелді. Бұл факторлардың бір бөлігі кеңістікте баяу өзгеретін пайдалы сигналды, ал екінші бөлігі жоғары жиілікті кездейсоқ ауытқуларды тудырады. Goldstein сүзгісі осы екі компонентті спектрлік аймақта ажырата отырып, фазалық шуды тиімді түрде төмендетеді (сурет 35).



Сурет 35 – Интерферограммадағы фазалық шуды басу және фазалық өрістің тегістігін сүзгілеу процессі

Snaphu Export – бұл интерферограмма фазасын тарқату алгоритмін іске асыру мақсатында SNAP бағдарламасында есептелген фазалық деректерді SNAPHU бағдарламасының кіріс форматына түрлендіру және экспорттау процесі. Аталған кезеңде фазалық карта, когеренттілік бейнесі және геометриялық параметрлер арнайы файл құрылымында сақталып, кейін фазаны тарқату үшін қолданылады (сурет 36).



Сурет 36 – SNAPHU бағдарламасының кіріс форматына түрлендіру және экспорттау

Интерферограммадағы фаза $-\pi$ мен $+\pi$ аралығында шектелген (оралған) түрде болады. Бұл пішінде фаза жер бедері мен деформацияның нақты мәнін тікелей интерпретациялауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан фазаны үздіксіз өріске келтіру үшін арнайы математикалық процедура — phase unwrapping қажет. Snaphu Export осы процедураны орындауға арналған деректерді дұрыс форматта дайындайды. Phase Unwrapping – бұл интерферограммадағы әрбір

пиксель үшін фазалық мәндердің кеңістіктік тұтастығын сақтай отырып, 2π еселіктерін қосу немесе азайту арқылы фазаны үздіксіз өріс түріне келтіру процесі. Нәтижесінде жер бедерінің биіктігі мен жер бетінің деформациясын сандық түрде бағалауға мүмкіндік беретін абсолюттік фазалық карта алынады(Сурет 37).

```

ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Nurzhansnaphu2020/S1A_IW_SLC__1SDV_20200522T124254_20200522T124322_032678_03C8F2_07ED_Orb_Stack_ifg_deb_fit_ML
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Users/Nurzhan$ cd /mnt/c/.../Nurzhansnaphu2020
-bash: cd: /mnt/c/.../Nurzhansnaphu2020: No such file or directory
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Users/Nurzhan$ snaphu -f snaphu.conf Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu SAMPLES

snaphu v2.0.7
unable to read configuration file snaphu.conf
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Users/Nurzhan$ find /mnt/c -maxdepth 4 -type d -iname "snaphu2020*"
/mnt/c/Nurzhansnaphu2020
find: '/mnt/c/System Volume Information': Permission denied
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Users/Nurzhan$ cd /mnt/c/Nurzhansnaphu2020
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Nurzhansnaphu2020$ pwd
/mnt/c/Nurzhansnaphu2020
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Nurzhansnaphu2020$ ls -l
total 12
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.conf
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.hdr
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.img
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.tif
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Nurzhansnaphu2020/S1A_IW_SLC__1SDV_20200522T124254_20200522T124322_032678_03C8F2_07ED_Orb_Stack_ifg_deb_fit_ML$ ls -l
total 12
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.conf
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.hdr
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.img
-rw-r--r-- 1 ws1 1024000 1024000 2020-05-22 12:43 Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.tif
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Nurzhansnaphu2020/S1A_IW_SLC__1SDV_20200522T124254_20200522T124322_032678_03C8F2_07ED_Orb_Stack_ifg_deb_fit_ML$ grep -i samples Phase_ifg_*.snaphu.hdr
Sample = 5418
ws1@DESKTOP-6GRKUN7:/mnt/c/Nurzhansnaphu2020/S1A_IW_SLC__1SDV_20200522T124254_20200522T124322_032678_03C8F2_07ED_Orb_Stack_ifg_deb_fit_ML$ snaphu -f snaphu.conf Phase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.img 5418

snaphu v2.0.7
28 parameters input from file snaphu.conf (85 lines total)
Logging run-time parameters to file snaphu.log
Creating temporary directory snaphu_tiles_394
Unwrapping tile at row 0, column 0 (pid 395)
Unwrapping tile at row 0, column 1 (pid 396)
Unwrapping tile at row 0, column 2 (pid 397)
Unwrapping tile at row 0, column 3 (pid 398)
Unwrapping tile at row 0, column 4 (pid 399)
Unwrapping tile at row 1, column 0 (pid 400)
Unwrapping tile at row 1, column 1 (pid 401)
Unwrapping tile at row 1, column 2 (pid 402)
Unwrapping tile at row 1, column 3 (pid 451)
Unwrapping tile at row 1, column 4 (pid 453)
Unwrapping tile at row 2, column 0 (pid 454)
Unwrapping tile at row 2, column 1 (pid 455)
Unwrapping tile at row 2, column 2 (pid 456)
Unwrapping tile at row 2, column 3 (pid 457)
Unwrapping tile at row 2, column 4 (pid 458)
Unwrapping tile at row 3, column 0 (pid 459)
Unwrapping tile at row 3, column 1 (pid 460)
Unwrapping tile at row 3, column 2 (pid 461)
Unwrapping tile at row 3, column 3 (pid 462)
Unwrapping tile at row 3, column 4 (pid 463)
Unwrapping tile at row 4, column 0 (pid 464)
Unwrapping tile at row 4, column 1 (pid 465)
Unwrapping tile at row 4, column 2 (pid 466)
Unwrapping tile at row 4, column 3 (pid 467)
Unwrapping tile at row 4, column 4 (pid 468)
Assembling tiles
Running optimizer for secondary network
Number of nodes in secondary network: 22394
Flow increment: 1 (Total improvements: 0)
Treesize: 22394 Pivots: 10 Improvements: 3
Flow increment: 2 (Total improvements: 3)
Treesize: 22394 Pivots: 0 Improvements: 0
Flow increment: 3 (Total improvements: 3)
Treesize: 22394 Pivots: 0 Improvements: 0
Flow increment: 4 (Total improvements: 3)
Treesize: 22394 Pivots: 0 Improvements: 0
Integrating secondary flows
Output written to file UnwPhase_ifg_IW1_VV_22May2020_07Sep2020.snaphu.tif
Removing temporary directory snaphu_tiles_394
WARNING: Try increasing tile overlap and/or size if solution has edge artifacts
Program snaphu done
Elapsed processor time: 3:07:21.32


```

Сурет 37 – Фазаны үздіксіз өріс түріне келтіру

Фазаны ашу (Phase unwrapping) нәтижесінде алынған фаза жер бедері мен жер бетінің деформациясына пропорционал үздіксіз шаманы білдіреді. Алайда SNAPHU бағдарламасы бұл нәтижені өзіндік файл форматында сақтайды. SNAPHU Import операциясы осы деректерді SNAP бағдарламасының деректер құрылымына бейімдеп, оларды басқа интерферометриялық өнімдермен (интерферограмма, когеренттілік картасы, амплитуда бейнесі) бір ортада қарастыруға жағдай жасайды.


SNAPHU Import – бұл SNAPHU алгоритмі арқылы фазасы тарқатылған (unwrapped phase) интерферометриялық деректерді SNAP бағдарламасының ішкі форматына түрлендіріп, әрі қарай талдау және визуализациялау үшін жүктеу процесі. Осы операция нәтижесінде үздіксіз фазалық карта SNAP ортасында

қолжетімді болып, кейінгі өңдеу сатыларында пайдалануға мүмкіндік туады (Сурет 38). Импортталатын деректер фазаның абсолюттік мәндерін, интерферометриялық геометрия параметрлерін және пиксельдердің кеңістіктік сәйкестігін сақтайды. Бұл кейінгі кезеңдерде деформацияны сандық есептеу және геокодтау операцияларын дұрыс орындауға негіз болады.




Сурет 38 – Үздіксіз фазалық карта

Геокодтау (Geocoding) — бұл радиолокациялық бейнелерді және интерферометриялық өңдеу нәтижелерін (интерферограмма, тарқатылған фаза, деформация карталары) спутниктің бейнелеу геометриясынан жердің географиялық координаталар жүйесіне (ендік, бойлық және биіктік) қайта проекциялау процесі. Нәтижесінде деректер карта проекцияларында (UTM, WGS-84) кеңістіктік тұрғыдан дәл орналастырылады. SAR және InSAR деректері бастапқыда радиолокациялық координаталар жүйесінде (range–azimuth) беріледі, яғни пиксельдердің орны спутниктен қашықтық пен ұшу бағытына қатысты анықталады. Бұл жүйе жер бетінің нақты геометриясына тікелей сәйкес келмейді. Геокодтау операциясы жер бедерінің сандық моделін (DEM) және спутник орбитасының параметрлерін пайдалана отырып, әрбір пиксельді жер бетіндегі нақты географиялық орнына сәйкестендіреді (сурет 39).




Сурет 39 – UTM - 43 координаталар жүйесіне сәйкестендіру


Sentinel-1 TOPS деректері негізінде 2020, 2022 және 2025 жылдардағы мамыр және қыркүйек айларында алынған жер бетінің деформациясын және жер бедерін зерттеу мақсатында интерферометриялық талдау жүргізілді. SNAP бағдарламасы пайдаланылып, InSAR өңдеу тізбегі толық орындалып, жылдар арасындағы деформациялар анықталды (суреттер 40, 41 және 42).



Сурет 40 – Орнатылған деформациялық маркалар бойынша 2020 жыл мамыр – қыркүйек айлары арасындағы талдау нәтиже



Сурет 41 – Орнатылған деформациялық маркалар бойынша 2020 және 2022 жылдар арасындағы салыстырмалы талдау нәтижесі




Сурет 42 – Орнатылған деформациялық маркалар бойынша 2025 жыл мамыр – қыркүйек айлары арасындағы талдау нәтижесі

Фазаның абсолюттік мәндері негізінде метро трассасы бойындағы жер беті ығысуларының картасы құрылды. Ол бір аумақтың әртүрлі уақыттарда алынған екі SAR — суретінің фазалар айырымы нәтижесінде қалыптасқан интерферометриялық сигнал фазалық мәндерінің кеңістіктік таралуын бейнелейді.

Көптүсті текстура (көк, жасыл, қызыл және сары реңктердің үйлесімі) фазалардың интерференциясымен шартталған және рельефтің, атмосфералық бұрмаланулардың, декорреляциялық шудың, сондай-ақ ықтимал деформациялық үдерістердің бірлескен әсерімен байланысты болуы мүмкін. Түстердің айқынырақ әрі контрастты ауысулары байқалатын аймақтар фазалық градиенттердің жоғары мәндерімен сипатталады. Бұл жер бетінің аймақтақ ығысуларына немесе шағылдыру қасиеттерінің күрт өзгерістеріне әлеуетті түрде сәйкес келеді.

Бейнедегі орталық бөлікте орналасқан ашық түсті сызықтық құрылым сызықтық үлгідегі нысан (мысалы, көлік инфрақұрылымының элементі немесе инженерлік құрылыс) ретінде интерпретацияланады және тұрақты радиолокациялық шағылдыру қасиеттерімен сипатталады. Мұндай нысандар көбінесе тұрақты шағылыстырғыштар рөлін атқарып, PSI немесе DInSAR әдістерін қолдана отырып деформацияларды талдау үшін пайдаланылуы мүмкін (Сурет 43).




Сурет 43 – Фазаның абсолюттік мәндері бойынша метро трассасының жер бетінің ығысу картасы

Sentine1-1 спутнигінің интерферометриялық SAR-суреттер жұбы (IW1 режимі, VV поляризациясы) бойынша берілген профиль бойымен пиксельдік кеңістікте тұрғызылған когеренттілік профилі 41-суретте 2020 жылғы мамыр – 2025 жылғы сәуір аралығындағы кезеңге тиесілі көрсетілген.

Абсцисса осінде профиль бойымен қашықтық пиксельдермен, ал ордината осінде 0-ден 1-ге дейінгі аралықта өзгертін когеренттілік мәндері бейнеленген. Тұтас сызық когеренттіліктің орташа мәнін сипаттайды, ал оны қоршаған жартылай мөлдір аймақ шуылдардың, атмосфералық әсерлердің және жер бетінің шағылдыру қасиеттерінің өзгеруінен туындайтын когеренттіліктің өзгергіштігін көрсетеді.

Когеренттіліктің жоғары мәндері (0,6–0,9) қалалық құрылыс аймақтарына және инженерлік құрылыстарға, соның ішінде көлік инфрақұрылымының элементтеріне тән тұрақты радиолокациялық шағылыстырғыштардың бар екенін көрсетеді. Ал когеренттіліктің төмен мәндері (0,3-тен төмен) айқын уақыттық немесе кеңістіктік декорреляция аймақтарына сәйкес келеді. Бұл өсімдік жамылғысының болуымен, топырақ ылғалдылығының өзгеруімен немесе жер бетінің техногендік бұзылуларымен байланысты болуы мүмкін.

Когеренттілік профилін талдау интерферометриялық өңдеудің сапасын бағалауға, DInSAR және PSI әдістерін кейінгі қолдануға жарамды учаскелерді анықтауға, сондай-ақ метрополитен трассасы бойындағы деформациялық үдерістерге әлеуетті түрде сезімтал аймақтарды айқындауға мүмкіндік береді (Сурет 44).




Сурет 44 – Зерттеу профилі бойынша SAR-Sentinel-1 интерферометриялық когеренттіліктің таралуы (2020-2025жж)

Бақылау пункттерінің әрқайсысы бойынша биіктік мәндерінің салыстырмалы өзгерістерінің кинематикасын талдау негізінде жерасты құрылыстарының ықпал ету аймағындағы деформациялық үдерістердің кеңістіктік-уақыттық таралуын бейнелейтін геомеханикалық тәуекелдер картасы қалыптастырылады. Мұндай карта тік және көлбеу ығысуларының жылдамдығы жоғары учаскелерді айқындауға, кернеулердің ықтимал шоғырлану аймақтарын анықтауға, сондай-ақ тау жыныстары массиві мен инженерлік құрылыстардың орнықтылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер деформациялардың одан әрі даму процесстерін болжау, геодинамикалық тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды ғылыми тұрғыдан негіздеу және тоннельдер мен метрополитен нысандарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау үшін пайдаланылады.

Берілген үш карта (сурет-45, сурет-46, сурет-47) «Сарыарқа – Момышұлы» метро учаскесінің маңындағы жер беті деформациясын (InSAR-интерферометрия нәтижесі) сантиметрмен көрсетеді: 2020, 2022 және 2025 жылдар. Карталардағы мәндер, әдетте, спутниктің радарлық көру бағыты (LOS) бойымен өлшенетін орын ауысуды сипаттайды. Сондықтан «он/теріс» таңбалары деформацияның нақты бағытына (тек көтерілу/түсу) тікелей тең емес: ол спутник геометриясына, өңдеу параметрлеріне және базалық бет (reference) таңдауға тәуелді.


2020 жылғы картада (Сурет-45) ығысу диапазоны $-2,97 \dots -1,4$ см-ден бастап $2,7 \dots 4,06$ см-ге дейін. Кеңістіктік үлгіде аймақтың едәуір бөлігі сарғыш–қызылт реңктермен (шамамен $-0,9 \dots 0,3$ см аралығы) сипатталып, бұл жалпы фондық өзгерістің әлсіз екенін меңзейді. Бірақ локалды түрде жасыл реңкті (оң мәндер) және қызыл реңкті (теріс мәндер) дақтар бар, яғни деформация біркелкі емес. Мұндай мозаикалық құрылым урбандалған аумақта жиі кездеседі: құрылыс алаңдары, коммуникациялар, жол тораптары, сондай-ақ жерасты құрылыстарының (тоннель/бекет) ықпал аймағы бір-бірімен қабаттасады.



Сурет 45 – Сарыарқа – Б. Момышұлы бекеттері арасындағы 2020 жыл көктем, күз айлары бойынша деформациялық карта

2022 жылғы карта (Сурет-46) салыстырмалы түрде «теріс» мәндердің көбірек екенін көрсетеді: диапазон $-4,02 \dots -2,4$ см-ден $0,3 \dots 2,6$ см аралығына дейін. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда теріс шекті мәннің ұлғайғанын (≈ -4 см) аңғартады. Картадағы кең таралған жасыл — сары фон (шамамен $-0,6 \dots 0,02$ см) әлсіз деформацияны білдіргенімен, кейбір учаскелерде қызғылт/қызыл дақтардың пайда болуы жергілікті өзгерістің күшейгенін көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан бұл айырмашылықтың бір бөлігі маусымдық факторлармен (ылғалдылық, топырақтың отыруы, қар/жауын режимі), бір бөлігі атмосфералық кідіріс пен коэренттілік (coherence) өзгерістерімен, ал бір бөлігі нақты инженерлік — геотехникалық процестермен түсіндіріледі.


Карта смещения метро Сарыарка-Момышулы 2022



Сурет 46 – Сарыарқа – Б. Момышұлы бекеттері арасындағы 2022 жыл көктем, күз айлары бойынша деформациялық карта

2025 жылғы картада (Сурет-47) мәндер негізінен оң диапазонға ығысқан: ең төменгі аралық $-1,4...0,6$ см, ал ең жоғарысы $4,1...5,9$ см. Яғни амплитуданың жоғарғы шегі 2020 жылмен салыстырғанда да жоғары ($\approx 5,9$ см). Кеңістіктік суретте жасыл реңктердің басымдығы байқалады, бұл зерттеу полигонының көп бөлігінде LOS бойымен орын ауысудың оң таңбалы екенін көрсетеді. Сонымен қатар жекелеген қызыл/қызылт дақтар сақталады, яғни деформация өрісі әлі де біртекті емес.

Карта смещения метро Сарыарка-Момышулы 2025



Сурет 47 – Сарыарқа – Б. Момышұлы бекеттері арасындағы 2025 жыл көктем, күз айлары бойынша деформациялық карта

Үш картаны (Сурет-45, Сурет-46, Сурет-47) бірге қарастырғанда, 2020–2025 аралығында деформация өрісінің таңбасы мен амплитудасы өзгеретінін көреміз: 2022 жылы теріс мәндер күштірек, ал 2025 жылы оң мәндер басым және максимум жоғары. Мұндай динамика: (1) деректердің әр жылдағы түсірілім/өңдеу шарттарының айырмашылығы, (2) урбандық ортада коэренттіліктің құбылуы, (3) нақты геотехникалық процестер (отырылу, жерасты сулары режимі, құрылыс жүктемесі, тоннель әсері) ықтимал үйлесімімен түсіндіріледі. Қорытындыны күшейту үшін: коэренттілік картасын, тұрақты нүктелерді (PS), сондай-ақ GPS/нивелирлеу бақылауларымен верификацияны және LOS-ты вертикаль/горизонталь құрамға ажыратуды қосу қажет.

4.3.1 SRTM және ALOS сандық жер бедері модельдерінің GNSS деректері бойынша верификациясы және дәлдігін бағалау

ALOS деректері бойынша алынған биіктік мәндерін далалық GPS — өлшеулердің нәтижелерімен ($n = 6$) салыстырмалы талдау шамамен 810 м деңгейіндегі жоғары абсолюттік белгілер жағдайында сандық жер бедері моделінің дәлдігін бағалауға және қателердің таралу сипатын анықтауға мүмкіндік берді. Эталондық мәндер ретінде спутниктік геодезиялық GPS өлшеулерінің деректері пайдаланылды. Қате GPS – ALOS айырмасы ретінде есептелді, бұл модельдің жүйелік ығысу бағыты мен шамасын анықтауға жағдай жасады (8-кесте).

Жеке қателік мәндері 0-ден 2 м-ге дейін өзгереді, бұл модельдік және далалық деректердің жоғары деңгейде сәйкестігін көрсетеді. Төрт нүктеде ауытқу 1 м-ден аспайды, ал ең үлкен айырмашылық (2 м) №6 нүктеде тіркелген. Абсолюттік қателер биіктіктердің өз деңгейімен (шамамен 800 м) салыстырғанда өте аз, бұл қарастырылып отырған учаскеде ALOS моделінің жоғары вертикалдық дәлдігін дәлелдейді.

Таңдама бойынша орташа абсолюттік қате (MAD) 0,80 м құрайды. Орташа квадраттық қате (MSE) 1 м^2 -ге тең, ал түбірлік орташа квадраттық қате (RMSE) 1,05 м құрайды. RMSE көрсеткішінің MAD мәнінен сәл жоғары болуы бір ғана үлкенірек ауытқудың (2 м) әсерімен түсіндіріледі. Алайда жалпы алғанда көрсеткіштер арасындағы айырмашылық мардымсыз, бұл қателердің біркелкі таралғанын және экстремалды шеткі мәндердің жоқ екенін білдіреді.

Салыстырмалы дәлдік көрсеткіштері де жоғары сәйкестікті растайды. Орташа абсолюттік пайыздық қате (MAPE) 1,05 % құрайды, бұл модельдік және нақты биіктіктер арасындағы салыстырмалы айырмашылықтың өте төмен екенін сипаттайды. Орташа пайыздық қате (MPE) 0,03 %-ға тең, бұл жүйелік құрамдастың іс жүзінде жоқ екенін көрсетеді. GPS – ALOS формуласы қолданылған жағдайда MPE-нің оң мәні модельдің биіктіктерді аз ғана төмендетуге бейімділігін көрсетеді, алайда бұл ығысу статистикалық тұрғыдан мәнді емес.

Жинақталған көрсеткіштердің динамикасын талдау үлкенірек ауытқулары бар нүктелер қосылған сайын MAD, MSE және RMSE мәндерінің біртіндеп артатынын көрсетеді, дегенмен қорытынды көрсеткіштер 1–2 м

шегінде қалады. Бұл модельдің дәлдік сипаттамаларының тұрақтылығын және жер бедерінің жергілікті өзгерістеріне төзімділігін білдіреді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қарастырылып отырған учаскеде ALOS деректерінің жоғары дәлдігін көрсетеді. Абсолюттік және салыстырмалы қателердің төмен мәндері аталған сандық жер бедері моделін жоғары вертикалдық дәлдікті талап ететін міндеттер үшін сенімді биіктік дереккөзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, оның ішінде инженерлік есептеулер, егжей — тегжейлі морфометриялық зерттеулер және қолданбалы геоақпараттық талдау бар.

SRTM деректері бойынша алынған биіктік мәндерін далалық GPS-өлшеулердің нәтижелерімен ($n = 6$) салыстырмалы талдау шамамен 810 м деңгейіндегі жоғары абсолюттік белгілер жағдайында сандық жер бедері моделінің дәлдігін сандық тұрғыдан бағалауға және жүйелік ығысу сипатын анықтауға мүмкіндік берді. Эталондық мәндер ретінде спутниктік геодезиялық GPS өлшеулерінің деректері пайдаланылды. Қате GPS – SRTM айырмасы ретінде есептелді, бұл ауытқу бағытын анықтауға және айырмашылық шамасын сандық сипаттауға мүмкіндік берді (9-кесте).

Жеке қателік мәндері -40 м-ден -45 м-ге дейін өзгереді. Барлық нүктелерде қателіктің теріс мәндері тіркелген, бұл SRTM моделінің биіктіктерді далалық өлшеулермен салыстырғанда жүйелі түрде артық бағалайтынын көрсетеді. Айырмашылықтар диапазоны $40-45$ м аралығында, ең үлкен ауытқу (-45 м) №3 нүктеде, ал ең кіші ауытқу (-40 м) №6 нүктеде байқалады. Оң мәндердің болмауы модельдегі вертикалдық ығысу тұрақты сипатқа ие екенін білдіреді.

Таңдама бойынша орташа абсолюттік қате (MAD) 42,94 м құрайды. Орташа квадраттық қате (MSE) 1846 м²-ге тең, ал түбірлік орташа квадраттық қате (RMSE) 42,97 м-ге жетеді. MAD пен RMSE мәндерінің бір — біріне жақын болуы қателердің біркелкі таралғанын және жекелеген экстремалды шеткі мәндердің жоқ екенін көрсетеді. Бұл айырмашылықтардың кездейсоқ емес, жүйелік сипатта екенін дәлелдейді.

Салыстырмалы дәлдік көрсеткіштері де анықталған заңдылықтарды растайды. Орташа абсолюттік пайыздық қате (MAPE) 5,29 % құрайды, бұл модельдік және нақты биіктіктер арасындағы салыстырмалы айырмашылықтың айтарлықтай екенін көрсетеді. Орташа пайыздық қате (MPE) $-5,29$ %-ға тең, бұл қателіктің тұрақты жүйелік құрамдасын білдіреді. GPS – SRTM формуласы қолданылған жағдайда MPE-нің теріс мәні SRTM моделінің GPS деректеріне қатысты биіктіктерді жүйелі түрде артық бағалайтынын көрсетеді.

Жолдар бойынша жинақталған көрсеткіштердің динамикасы бүкіл таңдама бойынша MAD, MSE және RMSE мәндерінің салыстырмалы тұрақтылығын көрсетеді. Алтыншы нүктеде ауытқу шамасының азаюына байланысты көрсеткіштердің шамалы төмендеуі байқалады, алайда жалпы процесс өзгеріссіз қалады. Бұл қарастырылып отырған учаскеде модельдің тұрақты вертикалдық ығысуы бар екенін білдіреді.

Кесте 8 — Метро желісіндегі GNSS нүктелерінің ALOS деректері негізіндегі верификациясы

№	GPS	ALOS	Error (e)	abc	e ²	abc(e) / height	e / height	MAD	MSE	RMSE	MAPE	MPE
1	806,6577	807	0	0,3423	0	0,000424344	-0,000424	0,8047	1	1,0484	1,0484	0,02829
2	810,6513	811	0	0,3487	0	0,000430148	-0,00043	0,89718	1	1,138216	1,138216	0,042435
3	811,9675	813	-1	1,0325	1	0,001271603	-0,001272	1,0343	2	1,260564	1,260564	0,063798
4	813,9708	813	1	0,9708	1	0,001192672	0,001193	1,0349	2	1,32791	1,32791	0,127451
5	812,0494	812	0	0,0494	0	6,08337E-05	6,08E-05	1,06695	2	1,474378	1,474378	0,131542
6	811,0845	809	2	2,0845	4	0,002570016	0,00257	2,0845	4	2,0845	2,0845	0,257002

Кесте 9 – Метро желісіндегі GNSS нүктелерінің SRTM деректері негізіндегі верификациясы

№	GPS	SRTM	Error (e)	abc	e ²	abc(e) / height	e / height	MAD	MSE	RMSE	MAPE	MPE
1	806,6577	850	-43	43,3423	1879	0,053730721	-0,053730721	42,93647	1846	42,96694	5,293932	-5,293932
2	810,6513	854	-43	43,3487	1879	0,053473917	-0,053473917	42,8553	1840	42,89147	5,278104	-5,278104
3	811,9675	857	-45	45,0325	2028	0,055460964	-0,055460964	42,73195	1830	42,7764	5,260783	-5,260783
4	813,9708	856	-42	42,0292	1766	0,051634776	-0,051634776	41,9651	1764	41,99744	5,165678	-5,165678
5	812,0494	856	-44	43,9506	1932	0,054123062	-0,054123062	41,93305	1762	41,98156	5,166778	-5,166778
6	811,0845	851	-40	39,9155	1593	0,049212505	-0,049212505	39,9155	1593	39,9155	4,92125	-4,92125

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер жоғары абсолюттік белгілер жағдайында SRTM деректерінің далалық GPS — өлшеулерге қатысты айқын жүйелік вертикалдык ығысуға ие екенін көрсетеді. Салыстырмалы пайыздық қателік орташа деңгейде болғанымен, абсолюттік айырмашылықтардың едәуір үлкен болуы (шамамен 43 м) жоғары вертикалдык дәлдікті талап ететін міндеттерде модельді тікелей қолдануды шектейді және түзету коэффициенттерін енгізуді немесе деректерді жергілікті калибрлеуді қажет етеді.

4.4 Күрделі инженерлік-геологиялық жағдайларда тоннельдік құрылыстардың кернеулі-деформацияланған жай-күйін сандық модельдеу әдістері

Тоннельдік құрылыстардың кернеулі — деформациялық күйін модельдеу олардың орнықтылығын және күрделі инженерлік-геологиялық жағдайлардағы пайдалану сенімділігін бағалаудың негізгі құралдарының бірі. Геологиялық факторлардың алуан түрлілігі, топырақ массивінің әртектілігі, сондай-ақ табиғи және техногендік жүктемелердің әсері «тоннель — қаптама — оны қоршаған топырақ» жүйесіндегі кернеулер мен деформациялардың кеңістіктік таралуын ескеруге мүмкіндік беретін есептік әдістерді қолдану қажеттілігін айқындайды. Сандық әдістерді пайдалану жерасты құрылыстарының құрылыс және пайдалану кезеңдерінің әртүрлі сатыларындағы мінез — құлқын болжауға мүмкіндік береді және жобалық әрі пайдалану шешімдерін ғылыми тұрғыдан негіздеудің әдістемелік базасы негіз болады [123,124].

Кернеулі — деформациялық күй аймақтарын модельдеу мамандандырылған геомеханикалық бағдарламалық — талдамалық кешенді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Бастапқы деректер ретінде тоннельдік құрылыстардың геометриялық параметрлері, сондай-ақ 10-кестеде келтірілген топырақ массивінің физика — механикалық сипаттамалары пайдаланылды.


Кесте 10 — Тау жыныстарының физика – механикалық қасиеттері

Топырақ атауы	Тығыздығы, т/м ³	Ішкі үйкеліс бұрышы, °	Меншікті ілінісу, кПа	Деформация модулі, МПа	Пуассон Коэффициенті	Протождьяконо в коэффициенті
Құмды саз	1,64–1,74	22	36	18	0,30	1,0
Саздақ	1,66–1,75	24	35	14	0,35	1,0
Қиыршық тасты топырақ	2,17–2,26	35	34	68	0,27	1,2–1,7


Зерттелетін тоннельдердің салыну тереңдіктері мынадай болды: «Сарыарқа» бекеті — 32,280 м, «Б. Момышұлы» бекеті — 19,580 м, «Сайна» желдету шахтасы — 31,560 м. Зерттелетін учаскенің инженерлік — геологиялық қырқымы құмды саз аралас топырақтар, саздақ және қиыршық тасты топырақ

кабаттарынан тұрды, әрбір қабат үшін беріктік және деформациялану параметрлері анықталды.

Берілген геометриялық және геомеханикалық сипаттамалар «тоннель — қаптама — оны қоршаған топырақ массиві» жүйесіндегі кернеулер мен деформациялардың таралуын есептеу және метрополитен жерасты құрылыстарының орнықтылығын кейінгі талдау үшін негіз болды (сурет 48, сурет 49). Суретте AutoCAD Civil 3D бағдарламалық кешенінде қалыптастырылған тоннель құрылысының бойлық қимасы көрсетілген. Визуализация тоннельдің жобалық осі мен жер беті рельефінің өзара кеңістіктік орнын көрсетеді, бұл қарастырылып отырған учаске бойынша жерасты құрылысының салыну тереңдігін бағалауға мүмкіндік береді. Аталған бөлектелген сызық тоннель трассасын бейнелейді және биіктік параметрлерін талдау мен кернеулі — деформациялық күйді модельдеудің геометриялық негізі ретінде қолданылады.



Сурет 48 – Метрополитеннің тоннель құрылысының инженерлік — геометриялық үш өлшемді моделі




Сурет 49 – 32,28 м тереңдіктегі "Сарыарқа" бекеті ауданындағы жерасты кеңістігінің бөлігі

«Сарыарқа» бекет аймағында 32,280 м тереңдікте орналасқан метрополитен тоннель қазбаларының жоспарлы — көлденең орналасу сұлбасы көрсетілген. Визуализация AutoCAD Civil 3D бағдарламалық кешенінде орындалып, екі тоннельдің жер бетіне және бір — біріне қатысты кеңістіктік орнын бейнелейді.

Сұлба трасса осінің шартты бейнесін, тоннель қазбаларының көлденең қималарын, сондай-ақ жерасты кеңістігінің геометриялық параметрлерін сипаттайтын элементтерді қамтиды. Ұсынылған деректер тоннельдердің салыну тереңдігін талдау, құрылыстардың оларды қоршаған топырақ массивімен өзара әрекеттесу жағдайларын бағалау және кернеулі — деформациялық күйді кейінгі сандық модельдеу үшін бастапқы геометриялық негізді қалыптастыру мақсатында пайдаланылады.

Одан әрі сандық модельдеу нәтижелері бойынша тоннель құрылысының көлденең қимасында оны қоршаған топырақ массивіндегі ең үлкен басты кернеулердің (σ_1) таралуы зерттелді. Кернеулердің мәндері мегапаскальмен (МПа) беріліп, түстік шкала түрінде бейнеленген: салқын түстер кернеудің төмен мәндеріне, ал жылы түстер олардың жоғары шоғырланған аймақтарына сәйкес келеді.

Қаптамасы бар тоннель қимасы және оның айналасында қалыптасатын кернеулердің қайта бөліну аймағы 50-суретте көрсетілген. σ_1 ең жоғары мәндері тоннель контуры маңында шоғырланған, бұл жерасты қазбасын қалыптастыру барысында массивтің бастапқы кернеулі күйінің бұзылуымен түсіндіріледі. Тоннель контурынан алыстаған сайын кернеулердің біртіндеп төмендеуі және топырақ массивінің фондық кернеулі күйіне ауысуы байқалады. Кернеулердің қайта бөлінуінің барлық ұсынылған сұлбалары Examine2D бағдарламалық кешенінде орындалған сандық модельдеу нәтижесінде алынған, бұл «тоннель — оны қоршаған топырақ массиві» жүйесінің кернеулі — деформациялық күйін көрнекі әрі сенімді түрде бейнелеуді қамтамасыз етеді.




Сурет 50 – Тереңдігі 32,28 м тоннелде тік кернеудің таралуы 6,8–11,2 МПа

Қиманың жоғарғы және төменгі бөліктеріндегі кернеулердің таралуының асимметриясы геостатикалық қысымның, тоннельдің салыну тереңдігінің және инженерлік — геологиялық жағдайлардың әртектілігінің әсерін көрсетеді. Алынған кернеулі күйдің көрінісі созылықты жерасты қуыстарына тән және қабылданған есептік модельдің дұрыстығын растайды.

Сандық модельдеу нәтижесінде алынған тоннель құрылысының көлденең қимасында оны қоршаған топырақ массивіндегі ең кіші басты кернеулердің (σ_3) таралуы 51-суретте көрсетілген. Кернеулердің мәндері мегапаскальмен (МПа) беріліп, түстік шкала арқылы бейнеленген: суық түстер кернеудің төмен мәндеріне, ал жылы түстер олардың жоғарылаған аймақтарына сәйкес келеді.

Сұлбаның орталық бөлігінде қаптамасы бар тоннель қимасы көрсетілген, оның айналасында жерасты қазбасының болуына байланысты кернеулердің қайта бөліну аймағы қалыптасады. σ_3 -тің ең төмен мәндері тоннель контурының тікелей маңында тіркелген, бұл массивтің босаңсуын және сығылу кернеулерінің төмен аймағының түзілуін көрсетеді. Тоннельден алыстаған сайын σ_3 мәндерінің біртіндеп артуы және олардың топырақ массивінің фондық кернеулі күйіне ауысуы байқалады.

Қиманың жоғарғы және төменгі бөліктеріндегі кернеулердің біркелкі емес таралуы геостатикалық қысымның, тоннельдің салыну тереңдігінің және топырақтың физика-механикалық қасиеттерінің әсерін бейнелейді. Алынған кернеулі күйдің көрінісі созылықты жерасты қуыстарына тән және тоннель қаптамасының, сондай-ақ оған іргелес топырақ массивінің орнықтылығын бағалау үшін пайдаланылады.




Сурет 51 – Тереңдігі 32,280 м тоннельде көлденең кернеудің таралуы 2,1-2,7 МПа

Одан әрі сандық модельдеу нәтижелері бойынша тоннель құрылысының айналасындағы топырақ массивіндегі орташа (гидростатикалық) кернеулердің

таралуы зерттелді. Кернеулердің мәндері мегапаскальмен (МПа) беріліп, массивтің фондық кернеулі күйінен тоннель қаптамасына жақын орналасқан жергілікті шоғырлану аймақтарына дейінгі орташа кернеу шамасының өзгерісін көрсететін түстік шкала арқылы бейнеленген.

Сұлбаның орталық бөлігінде қаптамасы бар тоннельдің көлденең қимасы көрсетілген, оның айналасында жерасты қазбасының болуына байланысты кернеулердің қайта бөліну аймағы қалыптасады. Орташа кернеудің жоғары мәндері тоннель контурының жоғарғы және төменгі бөліктерінде шоғырланған, бұл геостатикалық қысымның әсерімен және «қаптама - оны қоршаған топырақ массиві» жүйесіндегі жүктемелердің қайта бөлінуімен түсіндіріледі. Бүйір аймақтарда орташа кернеудің төмендеуі байқалады, бұл массивтің ішінара босаңсуын көрсетеді.

Қызыл векторлар басты кернеулердің бағыттарын бейнелейді, бұл тоннель маңындағы кернеу өрісінің сипатын және күш ағындарының бағдарын көрнекі түрде бағалауға мүмкіндік береді. Алынған кернеулі күйдің көрінісі созылық жерасты құрылыстарына тән және тоннель қаптамасының орнықтылығын талдау, сондай-ақ ықтимал деформациялық көріністерді болжау үшін қолданылады (Сурет 52).




Сурет 52 – Тереңдігі 32,28 м тоннель айналасындағы кернеу өрісінің өзгеру динамикасы 16,8–20 МПа

Бұдан әрі сандық модельдеу нәтижелері бойынша 32,28 м тереңдікте орналасқан тоннель құрылысының айналасындағы топырақ массивіндегі орташа (гидростатикалық) кернеулердің таралуы зерттелді. Кернеулердің мәндері

мегапаскальмен (МПа) беріліп, 16,8–20,0 МПа аралығындағы түстік шкала арқылы визуализацияланған, бұл кернеу өрісінің кеңістіктік әртектілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Кескіннің орталық бөлігінде қаптамасы бар тоннельдің көлденең қимасы көрсетілген. Тоннель контуры маңында кернеулердің айқын қайта бөлінуі байқалады: орташа кернеулердің жоғары мәндері қаптаманың жоғарғы және төменгі аймақтарында шоғырланады, бұл геостатикалық қысымның әсерімен және салыну тереңдігінің ықпалымен түсіндіріледі. Бүйір бағыттарда орташа кернеудің төмен мәндері бар аймақтар тіркеледі, бұл топырақ массивінің ішінара босаңсуын көрсетеді.

Контурлық сызықтар (изосызықтар) кернеулердің өзгеру сипатын және жерасты қазбасының айналасында шоғырлану мен босаңсу аймақтарының қалыптасуын бейнелейді. Қызыл векторлар кернеу өрісінің бағытын көрсетеді, бұл «тоннель — қаптама — оны қоршаған топырақ» жүйесіндегі күш ағындарының бағдарын және олардың қайта бөліну ерекшеліктерін қадағалауға мүмкіндік береді (Сурет 53).




Сурет 53 – Тереңдігі 32,28 м жарықтардың даму бағыты және кернеулердің таралуы 16,8–20,0 МПа

32,28 м тереңдікте орналасқан тоннель құрылысының айналасындағы топырақ массивіндегі кернеулердің таралу динамикасы 16,8–20,0 МПа аралығындағы түстік шкала арқылы визуализацияланған, бұл кернеу өрісінің кеңістіктік әртектілігін бағалауға мүмкіндік береді.


Кескіннің орталық бөлігінде қаптамасы бар тоннельдің көлденең қимасы көрсетілген. Тоннель контуры маңында кернеулердің айқын қайта бөлінуі байқалады: орташа кернеулердің жоғары мәндері қаптаманың жоғарғы және төменгі аймақтарында шоғырланады. Бұл геостатикалық қысымның әсерімен және салыну тереңдігінің ықпалымен түсіндіріледі. Бүйір бағыттарда орташа кернеудің төмен мәндері бар аймақтар тіркеледі, бұл топырақ массивінің ішінара босаңсуын көрсетеді.

Контурлық сызықтар (изосызықтар) кернеулердің өзгеру сипатын және жерасты қазбасының айналасында шоғырлану мен босаңсу аймақтарының қалыптасуын бейнелейді. Қызыл векторлар кернеу өрісінің бағытын көрсетеді, бұл «тоннель — қаптама — оны қоршаған топырақ» жүйесіндегі күш ағындарының бағдарын және олардың қайта бөліну ерекшеліктерін қадағалауға мүмкіндік береді (Сурет 54).




Сурет 54 – Тереңдігі 32,280 м тоннельдегі максималды көлденең кернеудің әсері 1,75-2,45 МПа


Ұқсас зерттеулер тоннельдердің басқа да салыну тереңдіктері үшін орындалды. Соның ішінде 19,551 м тереңдікте орналасқан учаскелер үшін (суреттер 55-59) және 19,580 м тереңдіктегі учаскелер үшін (суреттер 60-64). Бұл тоннельдік құрылыстардың жұмыс істеу жағдайларын салыстырмалы түрде талдауға және салыну тереңдігінің қоршаған грунт массивінің кернеулі-деформациялық күйіне әсерін бағалауға мүмкіндік берді.




Сурет 55 – Абай даңғылы мен Сайн көшесінің қиылысындағы метрополитеннің екінші желісінің 19,55 м тереңдіктегі көпір құрылысы мен тоннельді қамтитын зерттелетін учаскесі




Сурет 56 – Тереңдігі 19,55 м тоннельдегі тік кернеудің әсері 6,0–11,2 МПа




Сурет 57 – Тоннельге көлденең жүктеменің таралуы тереңдігі 19,551 м, тоннельдегі ең жоғары кернеу 1,75-2,45 МПа




Сурет 58 – Тереңдігі 19,55 м тоннель айналасындағы кернеу өрісінің өзгеру динамикасы 15-21 МПа




Сурет 59 – Тереңдігі 19,55 м аралығында жарықтардың даму бағыты және кернеудің таралуы 15-21 МПа




Сурет 60 – Абай даңғылы мен Момышұлы көшесінің қиылысындағы метрополитеннің үшінші желісінің зерттелетін учаскесі тоннельдің орналасу тереңдігі 19,58 м




Сурет 61 – Тереңдігі 19,58 м тоннельдегі тік кернеудің әсері
7,7–10,5 МПа



Сурет 62 – Тоннельге көлденең жүктеменің таралуы
тереңдігі 19,58 м, тоннельдегі ең жоғары кернеу 1,8–2,47 МПа



Сурет 63 – Тереңдігі 19,58 м тоннель айналасындағы кернеу өрісінің өзгеру динамикасы 16,6–19,58 МПа



Сурет 64 – Тереңдігі 19,58 м аралығында жарықтардың даму бағыты және кернеудің таралуы 15-21 МПа

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғары қауіп аймақтарын уақтылы анықтау және Алматы қаласының жерасты инфрақұрылымын қауіпсіз пайдалану мақсатында заманауи бақылау әдістерін, лазерлік сканерлеуді және сандық модельдеуді кешенді түрде интеграциялау қажеттілігін растайды. Ұсынылған тәсіл жоғары сейсмикалық белсенділігімен және күрделі инженерлік — геологиялық жағдайларымен сипатталатын басқа да мегаполистерде геодинамикалық үдерістерді бақылау мен талдаудың әдіснамалық негізі ретінде қолданылуы мүмкін екендігі көрсетілді.

Төртінші тарау бойынша қорытынды

«Сарыарқа – Б. Момышұлы» учаскесіндегі тоннельдік құрылыстардың кернеулі — деформацияланған күйін (КДК) мониторингілеудің кешенді сұлбасы қалыптастырылып, жерүсті және жерасты бақылауларын интеграциялауға негізделген. ГАЗ-талдауды, сандық модельдеуді біріктіру жекелеген әдістерді қолданумен салыстырғанда геодинамикалық жағдай мен тоннельдердің орнықтылығын неғұрлым толық әрі сенімді бағалауды қамтамасыз ететіні дәлелденді.

1. Алматы метрополитенін пайдалану барысында тоннельдердің орнықтылығына әсер ететін негізгі геодинамикалық тәуекелдер айқындалды.

2. InSAR/PSI әдістерін аймақтық деформациялық бақылау құралы ретінде қолданудың әдіснамалық негізі дәлелденді: радиолокациялық интерферометрия деректері жерасты өлшеулерін толықтырып, үлкен аумақтарда жер беті деформацияларының кеңістіктік заңдылықтарын анықтауға және метрополитен трассасы бойындағы динамиканы қадағалауға мүмкіндік беретіні көрсетілді.

3. Sentinel-1A деректерін интерферометриялық өңдеудің практикалық нәтижелері 2020 жылғы мамыр – 2025 жылғы сәуір кезеңінде «Сарыарқа – Б. Момышұлы» учаскесі үшін алынды: интерферограммалар мен фазалық өзгерістер карталары қалыптастырылды, ал когеренттілікті талдау тұрақты шағылыстырғыштары бар аймақтарды (PSI әдісімен ығысуларды дәл бағалауға ең қолайлы) бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Осылайша Алматы қаласының урбандалған ортасында әлеуетті қауіпті аймақтарды анықтау міндеттері үшін спутниктік мониторингтің қолданбалылығы расталды.

4. Тараудың қорытынды қолданбалы нәтижесі тұжырымдалды: ұсынылған «жерасты геодезиясы + 3D/ГАЗ — модель + сандық модельдеу + InSAR/PSI» кешені геомеханикалық тәуекелдер картасын құрудың әдіснамалық негізі негіз болады, ол:

- тік және көлбеу ығысулар жылдамдығы жоғары учаскелерді бөліп көрсетуге;

- жыныс массивінде және қаптама маңында кернеулердің шоғырлану аймақтарын локализациялауға;

- есептік және нақты деформацияларды салыстыруға;

- күшейтілген мониторинг пен инженерлік іс-шаралардың басымдықтарын негіздеуге;

- жоғары сейсмикалық және күрделі инженерлік — геологиялық жағдайларда тоннельдік құрылыстарды қауіпсіз пайдалануды арттыруға мүмкіндік береді.

5. Күрделі инженерлік-геологиялық жағдайларда КДК-ны сандық модельдеудің есептік негізі әзірленіп, іске асырылды: тоннельдік құрылыстардың инженерлік-геометриялық 3D-модельдері жасалды, топырақтың қабаттық құрылысы мен физика-механикалық параметрлері (супесь, саздақ, қиыршықтасты грунттар) берілді, салыну тереңдіктері (32,28 м; 31,56 м; 19,58–19,55 м) ескерілді. Бұл геомеханикалық модельдеу есептерін дұрыс қоюды және әртүрлі тереңдіктер үшін есептік нәтижелердің салыстырмалылығын қамтамасыз етті.

6. Сандық модельдеу тоннель айналасындағы кернеулердің заңды түрде қайта бөлінетінін көрсетіп, негізгі шектік кернеулер қаптама контуры маңында шоғырланғанын, ал қашықтаған сайын фондық кернеу өрісіне ауысуын негіздеді.

7. Тоннель тереңдіктері бойынша жүргізілген салыстырмалы талдау шамамен 32 м және 19,5 м тереңдіктерде жұмыс істеу жағдайлары кернеулі — деформацияланған көріністердің сипаты мен қарқындылығы бойынша айырмашылықтары көрсетілді. Бұл мониторингке дифференцияланған тәсілдің қажеттілігін растайды: осы тереңдіктер үшін дабылдық критерийлердің әртүрлі шектері мен бақылау желісінің тығыздығы зерттелу қажеттігі дәлелденді.

Қорытынды

Қазіргі заманғы ірі қалалардың жерасты көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуы жағдайында күрделі инженерлік — геологиялық және сейсмикалық ортада салынатын әрі пайдаланылатын метрополитеннің тоннельдік құрылыстарының орнықтылығын және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Сейсмикалық белсенділіктің жоғары деңгейімен күрделі тектоникалық құрылымымен және топырақ массивінің біртекті еместігімен сипатталатын Алматы қаласы үшін геодинамикалық үдерістерді және жерасты құрылыстарының кернеулі — деформацияланған күйін бақылау мәселесі бірінші кезектегі маңызға ие.

Диссертациялық жұмыста Алматы өңірі жағдайларына бағдарланған метрополитен тоннельдік құрылыстарының кернеулі — деформацияланған күйін кешенді зерттеу әдістемесі әзірленіп, ғылыми тұрғыдан негізделді. Әдістеме жерасты және жерүсті геодезиялық бақылауларды, геоақпараттық талдауды, лазерлік сканерлеуді және спутниктік радиолокациялық интерферометрияны сандық геомеханикалық модельдеу әдістерімен интеграциялауға негізделген. Ұсынылған тәсіл кеңістіктік орын ауыстыруларды жүйелі бақылауды, олардың динамикасын талдауды және тоннельдік құрылыстардың орнықтылығын жедел бағалауды қамтамасыз ететін геодезиялық және геодинамикалық бақылаулардың автоматтандырылған жүйесі аясында іске асырылады.

Жүзеге асырылған зерттеулер кешені диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығын және практикалық маңыздылығын сипаттайтын төмендегі негізгі нәтижелерді алуға мүмкіндік берді:

Алматы метрополитенінің «Сарыарқа» – «Б. Момышұлы» учаскесінде жүргізілген жерүсті және жерасты геодезиялық бақылаулар нәтижелеріне талдау жасалып, деформациялық көріністердің кеңістіктік заңдылықтарын айқындауға және жерүсті мен жерасты орын ауыстырулары арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттелетін учаскенің инженерлік — геологиялық және тектоникалық жағдайларын талдау негізінде жыныс массивінің біртекті еместігімен, суға қанығу дәрежесінің жоғарылығымен және жергілікті жарылымдық құрылымдардың ықтимал белсенденуімен байланысты тоннельдік құрылыстардың орнықтылығына қолайсыз әсер етуі мүмкін аймақтар айқындалды.

Жерасты полигонометриясы мен жоғары дәлдікті нивелирлеуді қолдана отырып жерасты геодезиялық бақылаулардың кезеңдері орындалды. Олардың нәтижелері бойынша жалпы алғанда тоннельдердің геометриясы орнықты күйде сақталатыны, ал анықталған тік және кеңістіктік деформациялар рұқсат етілген мәндерден аспайтыны дәлелденді.

Метрополитен трассасы аймағындағы жер бетінің деформацияларын бағалау үшін спутниктік радиолокациялық интерферометрияны (DInSAR/PSI) қолдану негізделді. 2020–2025 жж. аралығындағы Sentinel-1A деректерін өңдеу негізінде ығысу мен когеренттілік интерферометриялық карталары алынып,

тұрақты шағылдырғыштары бар учаскелер және фазалық градиенттері жоғары аймақтар анықталды.

Жерасты геодезиялық бақылау деректерін сандық модельдеу нәтижелерін және InSAR-бақылауларды интеграциялау деформациялық үдерістердің кеңістіктік — уақыттық таралуын бейнелейтін және тоннельдік құрылыстардың орнықтылығын болжау үшін аспаптық негіз қалыптастыратын геомеханикалық тәуекелдер картасын құруға мүмкіндік беретіні көрсетілді.

Метрополитен тоннельдік құрылыстарының кернеулі — деформацияланған күйін мониторингтеу және модельдеу саласындағы қазіргі заманғы зерттеулердің жайы — күйіне талдау жүргізіліп, сейсмоқауіпті аймақтар жағдайында дәстүрлі бақылау әдістерін геодезиялық, геоақпараттық және қашықтан зондтау технологияларын интеграциялау есебінен кеңейту қажеттілігі негізделді.

ГАЗ-ды жерасты құрылыстарын мониторингтеудің әртекті кеңістіктік - уақыттық деректерін біріктіруге арналған негізгі құрал болып табылатыны анықталды. Бұл геодезиялық өлшеулер, лазерлік сканерлеу, сандық модельдеу және спутниктік интерферометрия нәтижелерін бірлесіп өңдеуді қамтамасыз етеді.

«Тоннель — қаптама — қоршаған топырақ массиві» жүйесінің кернеулі-деформацияланған күйін геомеханикалық модельдеу алгоритмі әзірленіп, онда тоннельдердің салыну тереңдігі, жерасты қазбаларының геометриясы және топырақтың физика — механикалық сипаттамалары ескерілді.

Сандық модельдеу негізінде тоннельдік құрылыстарды қоршаған топырақ массивіндегі негізгі және орташа кернеулердің таралу өрістері алынып олар қаптама контуры маңында кернеулердің заңды түрде шоғырлануын және геостатикалық қысым мен инженерлік — геологиялық жағдайларға байланысты олардың асимметриялы қайта бөлінуін көрсетті.

Тереңдігі әртүрлі деңгейлерде (шамамен 32 м және 19,5 м) салынған тоннельдердің кернеулі — деформацияланған күйіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Оның нәтижелері салыну тереңдігінің кернеулі өрістің сипатына және деформациялардың ықтимал шоғырлану аймақтарына әсері дәлелденді.

Ұсынылған әдістеменің метрополитен тоннельдерінің кернеулі — деформацияланған күйін бағалаудың сенімділігін арттыратыны және бақылау режимдерін оңтайландыру, күшейтілген бақылауды талап ететін басым учаскелерді айқындау, сондай-ақ пайдалану қауіпсіздігін арттыруға бағытталған инженерлік іс-шараларды негіздеу үшін қолдануға болатыны анықталды.

Негізгі нәтижелер. Диссертациялық жұмыста қойылған барлық міндеттер толық көлемде шешілді. Зерттеу барысында:

- кешенді жерасты және жерүсті геодезиялық бақылаулар жүргізіліп, алынған деректер өңделіп, интерпретацияланды;
- инженерлік-геологиялық жағдайлар мен салыну тереңдігін ескере отырып, тоннельдік құрылыстардың кернеулі-деформацияланған күйіне сандық модельдеу орындалды;
- тоннельдік құрылыстарды бақылаудың интеграцияланған геоақпараттық деректер қоры қалыптастырылды;

– сейсмоқауіпті аймақтар жағдайында метрополитен тоннельдерін геодезиялық және геодинамикалық бақылауларды ұйымдастыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірленді.

Нәтижелерді пайдалану жөніндегі ұсынымдар. Әзірленген әдістеме мен алынған нәтижелер метрополитен тоннельдік құрылыстарын, сондай-ақ күрделі инженерлік-геологиялық және сейсмикалық жағдайларда салынатын басқа да жерасты көлік және инженерлік нысандарды жобалау, салу және пайдалану барысында қолданылуы мүмкін. Әдістемелік қағидалар басқа мегаполистердің жерасты инфрақұрылымын бақылау жүйелеріне енгізу үшін бейімделуі мүмкін. Диссертациялық жұмыста әзірленген әдістеме «GEOmatics» ЖШС-нің өндірістік қызметіне енгізуге ұсынылған және жерасты құрылыстарын жобалау, салу және пайдалану кезінде геодинамикалық үдерістерді бағалаудың сенімділігін арттыруға бағытталған енгізу актісі алынды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Meller A. D., Galiyeva R. R., Kuleshova A. V., Petrosyan A. K., Glatko S. A. Monitoring Deformations of Metro Transit Tunnels Using a Neural Network Approach // *Russian Mining Industry*. – 2025. – № 2. – С. 163–166. – DOI: 10.30686/1609-9192-2025-2-163-166.
